



Екі күндік бағдарлама барысында қатысушылар көшбасшылық қабілеттерін дамытып, түрлі трениңтер мен семинарларға қатысты. Сонымен қатар олар ҚР Парламенті Мәжілісінің ғимаратында болып, заң шығару процесімен танысты. Бұл іс-шара «AMANAT» партиясының жастардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған бастамаларының бірі болып табылады. «Рухтастар» жастар сыйлығы – еліміздің белсенді жастарын ынталандыру және олардың қоғамдық қызметтерге қосқан үлесін дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған маңызды іс-шара. «Белсенді рухтас» номинациясы қоғамға шынайы жанашырлық танытқан, еріктілік саласында белсенділік көрсеткен жастарды марапаттау арқылы әлеуметтік жауапкершілік идеясын кеңінен таратуға бағытталған. Факультетіміздің 1 курс студенті Сағидолла Сабыржан Дарханбекұлының «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған «Жас көшбасшылар платформасы» оқытуына іріктеуден өтіп және «Рухтастар» жастар сыйлығының «Белсенді рухтас» жыл белсендісі номинациясы бойынша жеңімпаз атануына байланысты

Махамбет жастары үздіктер қатарында!

«Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған «Жас көшбасшылар платформасы» — Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған 150 жас көшбасшыға арналған оқыту бағдарламасы. Бұл платформа 2024 жылдың 18-19 желтоқсанында Астанада қаласында өтті.



марапаттау рәсіміне қатысуы біз үшін үлкен мәртебе.

20 аймақтың қатысушыларын қамтыған, 600-ден астам өтінімдер арасынан «Рухтастар» жастар сыйлығының марапаттау рәсімінде «Белсенді рухтас» «Жыл белсендісі» номинациясы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің, филология факультетінің студенті Сағидолла Сабыржан Дарханбекұлы жеңімпаз атанды.

Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың еріктілік қызметі мен қоғамға қосқан үлесін бағалау және насихаттау. Іс-шара барысында марапаттау рәсіміне қатысу арқылы Сағидолла Сабыржанның белсенділігі мен еріктілік қызметте атқарған еңбектері атап өтілді. Іс-шара жастар арасындағы көшбасшылық қасиеттерді қолдауға және олардың қоғамдық қызметке деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Алдағы уақытта студентімізге ел аузында жүрер айтулы азамат атанып, білікті маман иесі болып, биіктерді бағындыра беруін тілейміз.

Альбина АХАНОВА,
филология факультетінің тәрбие-ісі жөніндегі декан орынбасары



ДЕНСАУЛЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ


ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

16-бет

Единство в многообразии:

конференция в честь 30-летия Ассамблеи народа Казахстана

В Западно-Казахстанском университете имени М. Утемисова состоялась масштабная конференция на тему: «Народ Казахстана, объединённый общей исторической судьбой», посвящённая 30-летию Ассамблеи народа Казахстана. Мероприятие собрало под своей эгидой ведущих экспертов, учёных, представителей государственных органов, структурных подразделений АНК и студентов.



Конференция стала площадкой для обсуждения ключевых вопросов, касающихся межэтнического согласия и единства в многонациональном обществе. Участники обсудили мировой опыт предупреждения конфликтов, историю мультикультурализма, её значение для Казахстана, а также вопросы уважения и толерантности.

Открывая конференцию, ректор университета, профессор Н.Х. Сергалиев, подчеркнул: «Геополитическое положение в самом центре Евразии предоставляет нашей стране значительные экономические, транзитные и логистические возможности, но также делает её объектом политических, религиозных и этнокультурных вызовов. Поэтому межэтническое согласие имеет решающее значение для политической стабильности и экономического процветания государства. Ассамблея народа Казахстана играет важную роль в формировании модели общекзахстанской идентичности».

Особое внимание на мероприятии было уделено значению мультикультурализма как фундамента устойчивого развития общества. Спикеры отметили, что опыт Казахстана в деле укрепления национального единства является уникальным и может служить примером для других стран.

Студенты, присутствовавшие на мероприятии, также приняли активное участие в обсуждении. Многие из них выразили гордость за свою страну и её способность поддерживать мир и согласие в условиях культурного многообразия.

Конференция продемонстрировала важность открытого диалога, а также необходимость сохранения и развития традиций взаимоуважения и единства. Этот подход, сформированный в рамках деятельности Ассамблеи народа Казахстана, продолжает укреплять общество и способствует устойчивому развитию государства.

«Қысқы мектеп – 2025»

М. Өтемисов атындағы БҚУ-да дәстүрлі «Қысқы мектеп» семинары өтті. Бұл іс-шара университет қызметкерлері мен оқытушылары үшін тәжірибе алмасу және кәсіби біліктіліктерін арттыру алаңына айналды.

Қысқы мектеп аясында университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері өзекті тақырыптар бойынша оқу семинарлары мен шеберлік сабақтарын ұйымдастырды: 1. М. Өтемисов ат. БҚУ-дың 2025-2029 жылдарға арналған негізгі қызмет көрсеткіштері – университеттің стратегиялық даму жоспарын талқылау. 2. Университеттің ақпараттық сайтымен жұмыс істеу – контентті жаңарту және басқару ерекшеліктері. 3. e-Otinish



арқылы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін өңдеу – электронды сұраныстарды тиімді басқаруға оқыту. 4. SalemOffice арқылы қосымшалар мен құжаттарды басқару – корпоративтік қосымшалармен жұмыс істеу дағдыларын арттыру. 5. KPI жүйесі – жоспарлау, бағалау

жүргізу және есептілік құру. 6. Оқытушының кәсіби стандарты – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқытушыларына қойылатын талаптар. 7. Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу – бекіту және келісу тәртібі. 8. Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін оқыту моделін құру. 9. Coursera платформасындағы жаппай ашық онлайн-курстар – идеядан іске асыруға дейін. Ерекше назар «Академиялық адалдық: саналы ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбындағы семинар-тренингке және EdSmart – интерактивті бейнежазба студиясының функционалымен танысуға аударылды. Қысқы мектеп тек білім беру алаңы ғана емес, сонымен қатар конструктивті диалог пен өзара әрекеттестіктің орнына айналды.



Искусственный интеллект в образовании:

ЗКУ им. М. Утемисова

Искусственный интеллект (ИИ) играет всё более значимую роль в современной образовательной системе, трансформируя учебный процесс и открывая новые возможности для обучения и развития. На физико-математическом факультете Западно-Казахстанского университета имени М. Утемисова уже активно внедряются технологии ИИ, способствующие улучшению качества образования и повышению эффективности преподавания.

Основные направления интеграции ИИ в учебный процесс

- 1. Компьютерное зрение и распознавание образов**
Распознавание рукописных работ и перевод их в машиночитаемый вид. Это позволяет сократить время проверки заданий и минимизировать вероятность ошибок.
- 2. Обработка естественного языка**
Автоматизация проверки устных докладов и письменных заданий обучающихся. ИИ помогает объективно оценивать работу студентов, учитывая различные аспекты выполнения заданий.
- 3. Интеллектуальный анализ данных**
Автоматизация процессов подготовки к занятиям, самостоятельной работы и предоставления обратной связи. Администрирование образовательного процесса и мониторинг успеваемости.
- 4. Использование ИИ-агентов**
Поддержка выполнения самостоятельной работы: поиск информации, обучение критическому мышлению. Создание учебных кейсов, тестов, задач. Адаптация учебных материалов для студентов с особыми потребностями.
- 5. Этические аспекты**
Пропаганда академической честности и ответственного применения ИИ.
Разработка критериев использования ИИ-систем в образовательном процессе.

Использование технологий ИИ в образовательной практике

Преподаватели физико-математического факультета активно применяют ИИ в обучении следующих дисциплин:

- «Информационно-коммуникационные технологии»,
 - «Новые подходы в обучении и критериальном оценивании»,
 - «Программирование» и другие.
- Используются такие инструменты, как:
- ChatGPT — для объяснения сложных тем и помощи в самостоятельной работе.
 - Gamma.app — создание презентаций и визуальных материалов.
 - QuizRise.com — разработка тестов для оценки знаний.
 - Web-ar.studio — создание AR-контента.
 - D-ID — генерация видео и анимации с использованием ИИ.
 - QR Toon — добавление анимированных QR-кодов в учебные материалы.

Преимущества внедрения ИИ в образовательный процесс

- Персонализация обучения: учет индивидуальных потребностей студентов.
- Повышение интереса к обучению через использование инновационных технологий.
- Увеличение качества знаний и образовательного процесса в целом.

Научная деятельность и международное сотрудничество

Укрепление кадрового и научного потенциала в сфере ИИ и IT-технологий является стратегическим направлением развития ЗКУ им. М. Утемисова. Университет активно развивает:

- Программы высшего образования и научные исследования в области ИИ.
- Планы создания Центра академического и исследовательского превосходства с участием зарубежных учёных.

Кроме того, технологии ИИ применяются в научных исследованиях. Например, в проекте «Экогидрологические детерминанты функционирования озера Западного Казахстана» используются методы ИИ для анализа предикторов, влияющих на экосистемы озёр.

Заключение

Искусственный интеллект открывает новые перспективы для образования, делая его более эффективным, гибким и доступным. Опыт физико-математического факультета ЗКУ им. М. Утемисова показывает, что интеграция ИИ в учебный процесс способствует развитию современных технологий, подготовке востребованных специалистов и повышению качества знаний студентов.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯДА

2023 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнатуды және білікті мамандарды даярлауға баса назар аударуды тапсырды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, еліміздің кем дегенде 3 жоғары оқу орнының базасында жасанды интеллект саласында білікті кадрларды даярлау және зерттеулер жүргізу қажет. Цифрлық университеттердің моделі әзірленді, ол екі жоғары оқу орнының Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ және Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ-да базасында пилоттық режимде іске қосылды.

Цифрлық экономикаға бейімделген кадрлардың әлеуетін дамыту үшін Google, Nvidia, Coursera, 01 Edu System және Huawei сияқты трансұлттық компаниялармен ынтымақтастық орнатылған. 2024 жылы 15 отандық жоғары оқу орны жасанды интеллект бойынша Google курстарын енгізуде, 12 000 студент Generative AI жобасына қатысады. Екі жоғары оқу орны (Абай атындағы ҚазҰПУ және Қ.Жұбанов атындағы АӨУ) Google for Education пилоттық жобасына қатысады. NVIDIA-мен ынтымақтастыққа келетін болсақ, DL1 жобасына 12 университет қатысады. 12 сертификатталған елші NVIDIA сертификаттарын алды, 1 оқытушы NVIDIA-дан DL1 сертификатына ие болды. Ұнтымақтастықты дамыту және оқытудың инновациялық технологияларын қолдану мақсатында Coursera, «Huawei Technologies Kazakhstan» LLP, Binance Kazakhstan сияқты ірі компаниялармен келіссөздер жүргізіліп, меморандумдарға қол қойылды. 35 ЖОО базасында Huawei ICT Academy құрылды, онда Huawei сертификатталған курстары ұсынылады. Binance



Kazakhstan қолдауымен 22 ЖОО АКТ факультеттерінің 350-ге жуық оқытушысы блокчейн-технологиялар бойынша оқудан өтті. Бүгінгі таңда Coursera-ның 102-ге жуық курсы қазақ және орыс тілдеріне аударылды. 2024 жылы 93 жоғары оқу орнының студенттеріне 40 мың лицензия бөлінді. Қазақстандық студенттерге әлемнің жетекші университеттері мен профессорларының 20 мыңнан астам онлайн курсы мен AI бойынша 4 200 курсы қолжетімді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі әзірленді. Мемлекеттік қолдаудың бұл шарасы Қазақстан балаларына 5 жастан бастап 18 жасқа толғанға дейін елде және шетелде білім беру қызметтеріне, соның ішінде жоғары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін қаржы қаражатын тұрақты жинақтау мақсатына арналған.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СТУДЕНТ ЖАСТАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫ АРТТЫРУ

«Келешек» жүйесіне қатысу үшін ата-аналар мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің қатысушылары болып табылатын екінші деңгейдегі банктерде және сақтандыру компанияларында шот ашуы қажет, онда ағымдағы күнтізбелік жылы 5 жасқа толған балаларға 60 АЕК (2025 жылы 235 920 теңге) құрайды және жетім балалар үшін 120 АЕК (471 840 теңге) мөлшерінде бастапқы білім беру капиталы, 5-7% мөлшерінде мемлекеттік сыйлықақының жыл сайынғы төлемі және инвестициялық табыс есептелетін болады. «Келешек» жүйесінің шарты – ата-аналар кемінде 12 АЕК мөлшерінде жыл сайынғы міндетті ең төменгі жарнаны төлеуі тиіс. Шоттарды Қазақстанның депозит-терге кепілдік беру қоры, ал сақтандыру төлемдерінің сомасын Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры сақтандырады. Мемлекеттік білім беру грантын алған жағдайда қаражатты жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға пайдалануға болады. Сонымен қатар жинақталған қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағыттауға және қажет болған жағдайда үшінші тұлғаларға беруге болады.

Мемлекет ЖОО студенттері үшін стипендияларды ұлғайту бойынша жоспарлы жұмысты жалғастыруда.

2025 жылы ЖОО және колледж студенттері үшін стипендия 2 есе, магистранттар мен докторанттар үшін 1,75 есе артады. 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап бакалавриат студенттеріне стипендия 52 372 теңгеге дейін, ал педагогикалық және медициналық бағыттағы білім алушыларға – 84 000 теңгеге дейін, магистранттарға – 117 098 теңгеге, докторанттарға – 262 500 теңгеге дейін өседі. Интернатурада оқитын студенттерге стипендия – 94 862 теңге, ал резидентурада – 134 664 теңге көлемінде төленетін болады. Емтихан сессиясын «өте жақсы» тапсырған жағдайда студенттердің жоғары стипендия алу мүмкіндігі сақталады.

НАЧАЛОСЬ ЯНВАРСКОЕ ЕНТ

Началось январское ЕНТ, которое продлится до 10 февраля. Около 167 тысяч человек подали заявление для участия в ЕНТ. Из них 76,7% изъявили желание пройти тестирование на казахском языке, 23,2% – на русском, 142 человек – на английском языке.

В первый день проведения январского ЕНТ министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек посетил один из центров тестирования в г.Астана. Он ознакомился с ходом проведения ЕНТ и пожелал удачи будущим студентам. «При подаче заявлений абитуриенты сами выбрали дату, время и пункт тестирования. В первый день тестирования ЕНТ сдают 2277 человек по всей стране, в том числе в столице – 155 абитуриентов. Самой часто выбираемой комбинацией профильных предметов уже несколько лет подряд остается «Математика-Физика» – 17,5%. То есть, это будущие инженеры, механики, учителя, техники, технологи, энергетики и строители. Далее идут комбинации «Биология-Химия» – 17,3% и «Математика-Информатика» – 10,3%, соответственно будущие медики и IT-специалисты», - отметил министр Саясат Нурбек. Количество предметов на ЕНТ остается прежним – три обязательных и два на выбор. Количество

заданий на ЕНТ – 120. В том числе, 20 заданий по «Истории Казахстана», 10 заданий по «Грамотности чтения», 10 заданий по «Математической грамотности» и по 40 заданий по двум профильным предметам. Максимальное количество баллов – 140 баллов. Время тестирования – 4 часа (240 минут). Стоит отметить, что для детей с особыми образовательными потребностями сохраняется дополнительное время в 40 минут. Напомним, в январском ЕНТ участвуют лица, не набравшие пороговый балл по результатам летнего тестирования и зачисленные в вуз по очной форме обучения на платной основе условно, обучающиеся в вузе, желающие перевестись из творческих ГОП в другие направления подготовки на платной основе, желающие перевестись на педагогические направления подготовки на платной основе, а также обучающиеся выпускных классов школ для зачисления в вуз на платной основе по желанию.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ГЛЯЦИОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ӨЗ ПОЗИЦИЯСЫН НЫҒАЙТУДА

ҚР Үкіметі «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасындағы Қазақстанда ЮНЕСКО аясындағы 2-санатты орталық ретінде Орталық Азия өңірлік гляциология орталығының мәртебесін қайта жалғастыру туралы келісімге қол қою туралы» қаулы қабылдады.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ЮНЕСКО аясындағы өңірлік гляциологиялық орталығының қызметі қайта жаңартылады. Мемлекет басшысы 2024 жылғы 12 сәуірде Ұлттық ғылым және технологиялар кеңесінің отырысында: «2020 жылы Алматыда ЮНЕСКО шешімімен құрылған өңірлік гляциологиялық орталық климаттық өзгерістерді зерттеуге үлкен үлесін қосып отыр. Біздің ғалымдар тек мұздықтардың еруін зерттеп қана қоймай, сел тасқындары мен мұздықтар көлдерінің жарылуынан болатын қауіптерді төмендету жолдарын іздеуде. Гляциологиялық орталықтың әлеуетін толыққанды

пайдалану қажет. Орталықты ғимаратымен қамтамасыз етілуі Үкімет тарапынан шешіліп жатыр. Енді ерекше назар аударатын мәселе – Қазақстан Үкіметі мен ЮНЕСКО арасындағы Гляциологиялық орталықтың қызметі жөніндегі келісімнің мерзімі биыл аяқталатындықтан, оны ұзарту туралы мәселе», - деп тапсырма берді.

ЮНЕСКО аясындағы Орталық Азия өңірлік гляциологиялық орталығы 2020 жылы құрылып, әлемдегі ЮНЕСКО аясындағы жалғыз гляциологиялық орталық. Келісімге сәйкес Орталық гляциология мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру және Орталық Азиядағы мұздықтардың, қар мен мәңгілік мұздың жағдайын бақылауға қатысатын түрлі ұйымдар арасында ақпаратпен алмасуды қамтамасыз ету, сондай-ақ халықаралық гидрологиялық бағдарламаның мақсаттарына сәйкес гляциология мәселелері бойынша аймақтық зерттеу бағдарламаларын енгізу және дамыту міндеттерін шешеді. Орталық ЮНЕСКО бағдарламаларын жүзеге асыруға көмектеседі, мүше мемлекеттердің



әлеуетін, техникалық сараптамасын және тәжірибесін бірлесіп пайдалануға мүмкіндік береді, сондай-ақ аймақтық желілер құруға қолдау көрсетіп, ресурс орталығы ретінде қызмет атқарады.

■ Халық жазушысы Фариза Оңғарсынова - 85 жаста

Зейнолла МУТИБЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры

МУТИБЕВ Зейнолла Жақсылықұлы – М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісі (2001); «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағы (2012); Еуроодақтың ғылыми-кәсіптік палатасының Алтын медалі мен Дипломы (2013); «Қадыр Мырза Әлі атындағы медаль» (2016); «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін» төс белгісі (2016). БҚО «Сырым ауданының құрметті азаматы» төс белгісі (2021); «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төс белгісі (2024) иегері.



Құнанға жайдақ мінген бозбалалар
келеді, малды өріске айдап салып

(«Елес»)

Ұлы Абайда табиғат құбылыстарын жансызға жан бітіріп – кейіптеу тәсілімен өрнектеу басты роль атқарса, осы үрдісті бұлжытпай түрлендіре, өң бере бедерлеу - Фариза ақындығының жөне бір қыры. Мысалы, Абайдағы:

Азалы ақ көрпесін сілке тастап,

Жер күлімдер, шырай беріп.

Фариза: Жер – ару серпігенде түн көрпесін
Маужырап қарап тұрды күн елжіреп.

Абай: Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
өңі қашар, бола алмас бұрынғыдай.

Фариза: Таң бұзып тынышымды жіберді деп,
Жазғы түн кетерінде түнерді кеп.

Абай: Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

АБАЙ МЕН ФАРИЗА: ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Жалпы атауы төл әдебиет аталатын арнаның алыбы Абай тағылымының қай ақын үшін де берері мол, үйретері шексіз. Қазақ өлеңінің қаймағы Абай бұлағына бас қоймаған, Абай қайнарынан қанып ішпеген ақын бар ма, сірә да алашта. Олай болса, Махамбетке мұң шаққан ақынның бір сәт Абай ағасын іздеуі де ой-идеялары мұраттас өнер алыптарының рухына тағзым ету, аруағына табыну, тұлғасына сиыну салтынан туындап жатады:

Абай аға!

Биікте ме - қайда жүр аруағың?

Құлағыңа жете ме шағым-әнім?

Көкті кезіп іздер ем - Жерде мені

Шырмап қойды шырмалаң шаруа-мұң.

Жердің беті балшық пен былық әлі,
Жол табады жылпос пен ұры-қары.
Жұртың даңғой әм надан баяғыша,
мәз болады бір-бірін жығып әлі.

Қалқиды әнің - рухыңның кептері ме,
ұстамаймын деп әуремін текке, міне,
Дарыныңнан, ойыңнан бермей, маған
тек дертіңді жұқтырып кеткенің не?

(«Абайды іздеу»)

Абайша толғанған ақынның ұлы хакімінің:

Атымды адам қойған соң,

Қайтпін надан болайын?

Халқым надан болған соң,

Қайда барып оңайын?! - деп торығатын әйгілі өлеңіне жалғас жауап сыңды оқылады осы өлең. Өмір философиясы, әлеуметтік жай-күй, саясат ағымының сарыны, көңіл-күй кірбіңі мен шырайы, табиғат тамашасы, қызығы мол жылдар, адамзат ажары мен адами тарбие т.с.с. жіктей берсең жүйесі сарқылмас тақырып пен идеяның тізгініне тәуелді лириканың күллісінде және баршаға Абай - ұстаз.

Абай үлгісімен жазылған туындылар шоғыры өзге ақындар сынды Фариза поэзиясында да жиі ұшырасады. Әсіресе, Абай үрдісімен жазылған шығармаларға ақынның «Қыр келбеті», «Күз көрінісі», «Елес», «Даланы жалғыз жайланып», «Күздің соңғы жылдары», «Толқындар бұрқанады», «Жаз», «Қырдағы қыс», «Ағаштардан әр тайып», «Нәсер», «Күз», «Жыл мезгілдері», т.б. өлеңдері жатады.

Табиғат тартуын Абайша жырға қосқан ақын лирикасынан поэзия патшасының қолтаңбасы айқын аңғарылады. Абайдың «Жазғытұрым» аталатын өлеңіндегідей бедерленген пейзаждық суреттер картинасы Фаризаның төмендегі туындысында ұлы суреткер дәстүрін жаңғырта қайталайды:

Мал өріп: сиыр сайға, жылқы-қырға,
жазыққа түйе атаулы ұмтылуда.
Қой-ешкі көк беткейде жамбастайды
кіргендей шалғынға емес ұрты құмға.

Күн нұры шашып бүкіл аймаққа құт,
сайларда бу кілкіді қаймақтанып

Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су.

Фариза: Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа,
Өзен де мың бұралып жатыр ағып.

Абай: Қалың ағаш жапырағы

Сыбырласып өзді - өзі.

Фариза: Гүл бөлеп хош иіске атырабын

Ағаштар жайып салды жапырағын.

Кейіптеудің келісті үлгілерін Абайдың аудармаларында жиірек кездестіреміз:

Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,

Байғұстың кім тындайды жылағанын? (Крыловтан)

Фаризада: Ақ қайыңдар жылайды жапырағын

Байқаусыз шашып алып.

Жыл маусымның мейір-шапағатын немесе сүреңсіз мезеттерін суреттеуде Абай ақын теңеу сөздерді ұтымды пайдаланса, сол тәсіл, сол әдіс Фариза лирикасына да тән. Мәселен,

Абайда: Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай бүктеліп жүз толғанып.

Фаризада: Түні мен долы дауыл құрыстанған
Секілді арыстандай жыны ұстаған.

Абайда: Анамыздай жер иіп, емізгенде,

Бейне екендеі үстіңе аспан төнер.

Фаризада: Құрақ әлсіз сыңсиды, ардағынан
айырылған аналардай.

Абайда: Қайыршы шал – кемпірдей түсі кетіп
Жапырағынан айрылған ағаш қурай.

Фаризада: түнерді аспан, кірпігін таңға жұмбай.

Ашуланса, өш алар кемпірінен

қазақтың шалдарындай.

Абайда: Бұрадай бұрақ – сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Фаризада: Толқындар бұрқанады

Бір – бірі тепкілеп шалып жығып,

Буралардай тістескен санын жұтып.

Осы үзінділердегі теңеулер ақындардың тек табиғат лирикасынан ғана алынған. Егер де тақырыбына қарай сұрыптап, теріп, тізсек, құнарлы сөз өшекейінің сарқылмасы және анық. Жоғарыда келтірілген мысалдардан Абай дәстүрінің Фариза лирикасына қатысты әсер - әдібін аңғарғандаймыз.

Табиғатты жырлауда қазақ өлеңін классикалық дәрежеге көтерген Абайдың дәстүр-тәлімін (суреттеу тәсілдері мен амалы) ақын Ф.Оңғарсынова өз туындыларында жаңарта жаңғыртты. Көңіл-күй, философиялық толғамдар мен қоғамдық - әлеуметтік тақырыптағы өлеңдерде де Абайдың Фаризаға жақындығы бар. Замана жайынан ой толғаған ондай өлеңдердің сыршылдығынан гөрі сыншылдығы басым болып келеді. Көңіл - күй қошынан азаматтық әуенге ауысу мәнгері Абай лирикасына тән қалып болса, бұл жерде Фариза дана - ұстазға кәдімгі шәкірт. Адамның ішкі сыр - әлемін қоршаған ортаның әсері арқылы жеткізу, психологиялық ахуалдың аужайын өзге тіршілік нышандарымен құбылта бейнелеу - шын суреткердің талайына сын. Мысалы, Абайдағы:

Көк ала бұлт сөгіліп,

Күн жауады кей шақта,

Өне бойың егіліп,

Жас ағады аулақта - деп келетін көңілдің сан алуан түйіткілдері лирикада сұлу, шебер, нәзік оралымдармен әдемі көрінсе, осы сынды әсем де сырлы, мұңлы өрімдер Фариза ақында:

Жуса да жас омырауды,

жоқ ешкімнен келер көмек.

Өмір көші қоңыраулы

көшіп жатыр сенен бөлек - деп жырланады.

Дәстүр жалғастығы Фариза лирикасының тіліне де сәулесін шашқан. Абайша ой толғаған ақынның кейбір сәттерде сөз саптау қолданысында да данагөй дарынның өрнек - ізі аңғарылады. Мысалы, Абайдағы «Сәулең болса кеудеңде, Мына сөзге көңіл бөл» деп келетін өлең - сөз сұрлеуі Фаризада «Сәулең болса санаңда, жаңсақ басқан жандарға шалқаңнаң түсіп шамданба» түрінде түрленген.

Осы сықылды ұлы ақын өлеңдерінің ұйқасына ұқсас немесе соның екінші бір нұсқасындай сыңғырлаған тармақтар Фариза ақында да біркелкі бар екен. Абайдағы «Көңілде алаң басылса», «Көк бұлттан ашылса»; Фаризада «Көңілдің бұлты ашылды»; Абайда «Жас жүрек жайып саусағын, Таппынған шығар айға алыс»; Фаризада «Бір жәрдем содан болардай, санаға созып қолдарын» т.б.

Лирика табиғатында жүрек сөзінің көп қолданылатын ескерсек, Абай түрлеген ажарлы айқындаулардың (эпитет) көшелі жалғасы Фариза труындыларында толымды сипат танытады.

Мәселен, Абай туғызған «жас жүрек», «жүрек кірсіз», «асау жүрек», «жүрекке жылы тиіп», «жүрегі жаралы», «қысылды жүрек», «ыстық жүрек», «шын жүрек - бір жүрек», «жүрекке ыстық», «өз жүрегім», «жүрегі жұмсақ»,

«жүректің көзі», «жүректе айна», «өртеген жүрек», «ит жүрек», «сорлы жүрек», «жау жүрек жомарт», «жалын жүрек», «үрпиген жүрек», «шошыған жүрек», «жүректің қаны», «айнымас жүрек», «арыстан жүректі», «ет жүрек», «кірлеген жүрек», «ынталы жүрек», «ақылды, асыл жүрек», «жүрегім мұз», «жүректе қайрат», «ауру жүрек», «қан жүрек», «жылы жүрек», «ғәділетті жүрек», «сұм жүрек», «жүректің отты шағы», «ақ жүрек», «қапаланған жүрек» тәрізді сипаттамалар ақын Фаризада да кеңінен өркен жайып, өзгере, өңдене тамыр жайған.

Айталық, «нәзік жүрек», «өзімшіл асау өр жүрек», «албырт жүрек», «жас жүрек», «теңіздей жүрек», «аналық жүрек», «жабыққан жүрек», «қос жүрек», «жүрек оты», «дірілдеген жүрек», «жүрегім кекті», «талықсыған жүрегім», «сүйген жүрек», «тас екен жүректің», «жүректің жасы», «жүрегімдегі қорғасын», «шыңғырған жүректің», «титтей жүрегің», «жүрек емі», «мұңы бір жүректен», «жүректен махаббаттай», «құрттай жалғыз жүрек», «жүрегің оттай», «жүрегім егіз», «байғұс жүрек», «жұдырықтай жүрек», «қызыл жүрек», «жүрек көзім», «жүрек көзім», «жалын жүрек», «балапан жүрек», «дарын жүрек»... тағысын тағы теріп, термелей берсек, түгелсілмесі анық.

Жоғарыда байқағанымыздай, келтірілген мысалдардан дәстүр ынтымақтастығы айқын аңғарылады. Өр алуан лирикалық шығармалар тудыруда (образ жасауда) «жүректің» қаншалықты ұғым мен мәнге ие болып, жаңа мазмұнды эпитеттердің өмірге келгенін байыптадық.

Ой - образды ойнатуда ауыстыру (метафора) мен теңеудің де ролі жүрекке байланысты бейнелілік мағынасын байыта түседі. Мысалы Абайда «Жүрегі - айна, көңілі ояу» деп келетін тіркес Фаризада «Жүрек - күн, жаны - сырнай» немесе «Жүрек - қырау сен жоқта, мұз - денем» деп келеді. Сол сияқты Абайда «Жүрек - теңіз, қызықтың бәрі - асыл тас» делінсе, Фаризада «Жүрегім - алау, от дене», «Жүрек - қыз, сезім - жеңге» болып түр түлеткен.

Жүрек сөзімен байланысты құбылтудың не бір түрін жасап, байытуда Фариза шеберлік байқатады. Абай көзін ашқан бастаудың арнасын кеңітіп, ағысын түзеген ақын - лириктің бейнелеу, суреттеу амалы сан тарау: «жүрек - жаз», «жүректен - жалын», «жанартаудай - жүрегі», «жүрегім - тұйық мекен», «жүрегім - желкен», «жүрегі - ашық жарадай», «жүрегің оттай жандырып», «жүрегім - жалғыз құс - бағым», «жүрек емес жүрегім - антеннадай», «жүрегіңде - от сезім», «жүрегі - мұң», «жүрек - темір жылымай», «Жүрегі жолбарыстай» т.с.с. бірде ауыстыру, бірде теңеу кейде екеуі де араласып келетін өлең - сөз құралдарының Ф.Оңғарсынова поэзиясында жайқала жапырақ жайғаны анық.

Жүрекке қатысты Абай тағылымын жаңғыртудың ізгі ізденістері Фариза лирикасында поэзия алыбының аталы сөзімен, асыл ойымен орайласып, сабақтасып отырады. Абай өрнегі:

Жүрегімді қан қылды

Өткен өмір, өлген жан.

Фаризада: Мәз екен деме күлгенге -
қансырап қалған жүрегім.

Абайда: Көздің жасы, жүректің қанымен
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.
Фаризада: Қайғылы, шерлі жаныммен,
Жүректен аққан қаныммен.
Абайда: Қор қылуға құдіреттен
Жүрегіме түсті өрт.
Фаризада: Жүректің бәрін өрт етпес
Шерменен шыққан жалын дем
Абайда: Жүректегі жалынды көзден жас қып,
Ағызғаным болады ол неге сеп?
Фаризада: Жүректің жасын жасырып,
күрсініп тұрса қыр - кеудем?

Ұлы Абай мұхитының тереңіне бойлаған сайын аңғарылар бір байлам даралығы - ол жүрекке арнап сөз айту. Қай тақырыпта толғанса да, жүрекке жүгініп ой тоғыту, жүрекке сеніп сыр ағыту, жүрек арқылы мұқым жұрттың жағдаятын жеткізу - Абай ақындығының асқар биік шыңы. Абай данагөйдің философиялық трактатындағы (он жетінші қара сөз) қайрат, ақыл және жүрек үшеуінің өнерлерін айтысып, ғылымға келіп жүгінуін былай қойғанда, поэзиядағы жүрекке қатысты өлең атауларының өзі-ақ мен мұндалайды. Оқылық: «Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек» (он жетінші қара сөздің нұсқасы), «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүректе қайрат болмаса», «Ауру жүрек ақырын, соғады жай», «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүрегім нені сезесін», «Жүрек - теңіз, қызықтың бәрі - асыл тас», «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» (аударма).

Міне, осылайша өлең тізгінін жүрекке бағындыра ұстау үрдісі Фариза стиліне де тән тәсіл. Оқылық: «Лүпілдей соқты жас жүрек», «Өзімді жүрегіңнің есі қылдың», «Жүрегім алқынады», «Шаршадым жүрегіме», «Жүректі қайрау», «Жүрек сенсің», «Жүрегімнің келеді жорамалы», «Жүректі оймен қамалап».

Абай игерген жүректің ақылмен, қайратпен айтысы тәрізді идеялық мұраттастық Фаризаның «Айтыс» (цикл) атанған туындысында кездеседі. Сол шығармада Ақыл: «-Ей, жүрек! Есінді жи, күңіренбе, жараңды жаспен жума, күліп емде!» деп Жүрекке келелі кеңес береді.

Ал Абайдың айтары бәрімізге жақсы таныс: «Жүрегіңнің түбіне терең бойла!» атты аталы қағида, баталы сөз.

Жүректің адамтанудағы басты қуаты мен қызметінің ерекшелігіне келсек, өнер данасы Әл-Фарабидің: «Жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді» деген тұжырымына бас шұлғи қосылатынымыз және рас.

Демек, тірі адам санасының тәңір - жүрек болғаны да. Абай жүрегінің сыр - сыйпатына назар аударған абайтанушы ғалымдардың: «Абайдың жүрекке ерекше мән бере қарайтын соны көзқарасы жалпы қазақ әдебиетінің тарихында бұрын - сонды орын алмаған философиялық - гуманистік негіздері тың құбылысты, жаңа бағытты аңғартады. Жүрек жайында пікір қозғағанда ақынның алға қояр басты мұраттарының бірі - жүректің адам өмірінде атқарар қызметіне айрықша гуманистік мән - мағына бере жырлауында жатыр» (М.Мырзахметов) деген тұжырымына келісе отырып, Абай «жүрегінің» Фариза Оңғарсынова лирикасындағы лұғатын дәстүр жалғастығының әдемі көрінісіндей қабылдаған жөн сияқты.

Лирикада саяси-әлеуметтік мәселелерді заман шындығының айнасындай етіп, сыншылдықпен жырлауды қалыпқа салған Абай жаңашылдығының бір қыры десек, сол дәстүрді жоғалтпай, жеткере жалғастырушы ақындар ішінде, әрине, Фариза да бар. Мысалы, Абайдың әлеуметтік тақырыптағы лирикасының биік дәрежедегі дамуы, шоң шыңы «Сегіз аяққа» шоғырланғанын, жинақталғанын байқай алсақ, осылайша (яғни, Абайша) заман жайынан ой аңдату, сыр шерту - Фаризаның «Абайды іздеу», «Жолдан таю», «Тамұқтың табалдырығы», «Заман құлқы», «Араша түспесе де адалдыққа», «Ойға шақыру», «Шындық», «Жағымпаздар», «Заман», «Әкімдер», «Адам құны», «Тақ маңы», «Биліктіге айтылар сөз», «Әкімнің ойы», «Әкімдік», «Қара өлең», «Менің халқым», «Тақ пен тіл», «Құзыр» аталған шығармаларында ұлы ақын дәстүрін дамыта түскен. Аталған өлеңдерден дәуір шындығының самал желі еседі. Бұл туындыларда ел басқарған ақылсыз әкімнің, бөлекер мен жалақордың, сөзге ерген ерменің, жағымпаздар мен жылпостардың Абай заманынан таныс «бойы бұлғаң» қысқа күнде қырық құбылған пенделердің бейнесі қылаң береді. «Шарасыздық» аталған өлеңдегі «Мұндасым да қалмады, сырласым да, жалғыз қалып отырмын, қыр басында» деген жолдардың:

Сөзімді ұғар елім жоқ
Моласындай бақысының

Жалғыз қалдым - тап шыным! - сынды элегиямен ұштасатынын аңғару қиын емес. Терең барлап, анық аңдап үңілген сайын, Абай әлемінің сөнбес Күні өз, шәкірттеріне тағылымдық шапағатын, өнерпаздық өнегесін, суреткерлік сәулесін аямай шаша түседі.

Агила Мустахимовна Нурғалиева: Жизнь, посвященная науке



Агила Мустахимовна Нурғалиева — доктор исторических наук, профессор. Она известна в научных кругах как квалифицированный специалист, проводивший глубокие исследования в области истории религии и востоковедения Казахстана и внесшая значительный вклад в научно-образовательную сферу страны.

В своих научных исследованиях Агила Мустахимовна глубоко изучала историю религии, в том числе религиозные и культурные процессы в Казахстане. Ее исследования направлены на сохранение историко-культурного наследия

Казахстана, научное изучение и передачу будущим поколениям. Труды исследователя позволяют по-новому раскрыть сложные вопросы истории Казахстана.

В своих работах особое внимание уделяла распространению духовных и культурных ценностей нашей страны, использованию современных методов анализа и интерпретации исторических процессов. Ее научные статьи и доклады высоко ценятся в национальном и международном научном сообществе.

Агила Мустахимовна Нурғалиева — выдающийся ученый и замечательный педагог, внесший большой вклад в развитие научно-образовательной сферы Казахстана. Ее научные исследования и педагогические достижения составляют основу духовного и культурного развития страны, занимают особое место в воспитании подрастающего поколения. Эти работы являются одним из важных шагов на пути сохранения научного наследия Казахстана и популяризации его в мире.

Агила Мустахимовна — один из лучших специалистов в системе высшего образования нашей страны. Подтверждением этого статуса стало получение им одной из самых престижных наград в сфере образования Республики Казахстан — звания «Лучший преподаватель высшего учебного заведения».

Конкурс «Лучший преподаватель высшего учебного заведения» — престижный проект, выявляющий наиболее талантливых и профессионально состоявшихся педагогов в сфере образования. Получение этой награды является признанием не только педагогического

мастерства учителя, но и его значительных достижений в области исследований и совершенствования методов обучения.

Достижение Агилы Мустахимовны результат ее многолетнего упорного труда, которая известна как ведущий специалист по истории Казахстана и истории религии. Не ограничиваясь предоставлением студентам только теоретических знаний, она поощряет их к активному участию в научно-исследовательской работе. Вносит вклад в повышение качества образования путем внедрения новых методов обучения и совершенствования учебных программ.

Ее стиль преподавания и уникальные методы работы со студентами получили высокую оценку со стороны студентов. Кроме того, она участвует в международных и национальных исследовательских проектах, расширяя и совершенствуя свой педагогический опыт.

Звание «Лучший преподаватель вуза» не только повысило профессиональную репутацию Агилы Мустахимовны, но и открыло новые возможности для дальнейшего развития образовательной и научно-исследовательской деятельности. Этот статус отражает не только эффективность и значимость ее работы, но и ее вклад в развитие системы высшего образования страны.

Агила Мустахимовна Нурғалиева не только прекрасный педагог, но и образцовая личность для образовательного и научного сообщества Казахстана. Ее работы вдохновляют каждого профессионала, работающего в сфере образования, и определяют важные этапы в подготовке будущих специалистов. Эта награда еще раз доказала ее преданность образованию и высокий уровень профессионального мастерства.

Агила Мустахимовна не ограничивается только научно-педагогической сферой, но и ведет активную общественную жизнь. Она принимает участие в различных конференциях и круглых столах на региональном и республиканском уровнях, внося значительный вклад в патриотическое воспитание и укрепление национального духа среди молодежи.

А.Ж. ӘМЕН,
PhD

Кітап - көненің көзі, жаңаның құралы


Кітап — сан ғасырлық шежіресі бар толғаныс пен тарих, сезім мен өмір жинақталған туынды. Кітап оқу арқылы бойымызға күш бітіп, білім нәрімен сусындап, ертегінің өміріне ой салатын келелі сөз. Кітап оқитын адамның бойында сөздік қоры, өмірлік сабақтар, ішкі эмоция сезім пайда болады. Кітап - ежелгінің сөзі, көненің көзі. Кітап оқитын жастар азайды деп жатады, негізінде кітап оқитын жас қоғам қалыптасуда деп ойлаймын, тек ақпараттың тым көптігінен кітапқа емес әлеуметтік желіге жүгінетіндер көп. Өмірден алынған оқиға шығарма мұның бәрі болашақта қадам басуына ең үлкен көмек. Кітап оқитындар ертең өз өмірінің басшылары болады деп ойлаймын шешім қабылдауда да кітаптың берері көп. Қоғам дамыған сайын ақпарат толасы аз емес, оқушылар үшін кітап оқытуды жақсарту керек. Біз мектеп кезде оқитын, сағаттап отыратын шығарма толасын жас жеткіншектерге қалай ұйыта аламыз, сол маңызды. Кітапты жүйелеп оқуға кеңес беріп, жас жеткіншекке кітап арқылы ойын дамытуға мүмкіндік берер едік. Қоғам өзгерген сайын соған қарай ілесетін жас көп. Мен өзім қолданатын тағы бір кеңес айтар едім, кітапты жүйелеп оқуға көңіл бөлу керек, өйткені жүйесіз білім қонбайтын білім болар еді. 1) Кітапты таңғы уақытта 6:00-де немесе 7:00-де оқу, таңғы оқылған білім тез қонатын еді; 2) Таңғы берекеде оқылған кітаптың

азығы да мол болып, ерте тұруға үйренеді. Ал жұмыспен үлгермейтін жандарға аптасына екі рет уақыт бойынша күн бойынша бөлу керек. «Аз аздан үздіксіз» демекші, кітап оқуға әлі кеш емес. Қазіргі таңда психологиялық кітаптар басты рөлде тұр. Қазіргі қоғамда ішкі дүние байлығын дамытуға ерекше назар береді, сол үшін де ішкі рухани байлықты дамытып, психология саласын алып жатады. Меніңше қазіргі таңда әдебиеттің төл туындылары болған шығармалардың тізімімен жүйелеп оқуға көңіл бөлу керек. Жас қоғам үшін әдебиетті, тарихты сана биігінде жолықтыру өте маңызды.

Мен өзім қазіргі таңда болашақ ұстаз ретінде шындалып келе жатырмын. Ұстаз оқушыға кітаптың көзін ашатын шамшырақ болу керек.

Оқушының шамын сөндірмеу — біздің міндет. Мен жанған балалардың жүрегіндегі шоқты ешқашан өшірмей жүйелеп оқытамын және соған қазірден дайындалудамын. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті менің ыстық жүрекке жылы мекенім. Біз бұл жерде кітапханада отырып керекті кітаптарымызды таба аламыз. Шығармаларды оқи отыра талдау жүргізуге тырысамыз. Кітап — ертеңіңіз көзі, бүгінгіңіз шамшырағы болу керек.

Айтолқын ӘЛІБЕКҚЫЗЫ,
ҚТӨ — 33 студенті



Бұл мақалада біз сонымен қатар кітапханаларда бос уақытта оқуды ұйымдастырудың әртүрлі аспектілерін қарастырамыз. Бос уақытта кітап оқу – мәдени кеңістікті дамытуға және әдеби қауымдастықтарды қалыптастыруға бағытталған кітапханалық-ақпараттық қызметтің маңызды құрамдас бөлігі. Біз бос уақытта оқудың дәстүрлі түрлерін зерттейміз, сонымен қатар оны ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерін қарастырамыз. Балалар мен жасөспірімдердің, ересектер мен қарттардың бос уақытта оқуын ұйымдастырудағы кітапханалардың қызметіне ерекше назар аударылады. Осы қызықты және маңызды тақырыпты зерттеуді бастайық!

Кітапханалардағы бос уақытта оқудың дәстүрлі түрлері

Кітапханалардағы бос уақытта оқудың дәстүрлі түрлері – бұл оқырмандарды кітап оқуға тарту және олардың әдебиеттен ләззат алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылатын қалыптасқан тәжірибелер мен іс-шаралар. Бос уақытта оқудың бұл түрлерінің өзіндік ерекшеліктері мен мақсаттары бар және олар кітапхана тәжірибесінде кеңінен қолданылады.

Кітап көрмелері

Кітап көрмелері – кітапханалардағы бос уақытта оқудың ең танымал түрлерінің бірі. Олар ақпараттық материалдармен және иллюстрациялармен сүйемелденген кітаптарды арнайы стендтерге немесе сөрелерге ұйымдастырған түрде орналастыруды білдіреді. Кітап көрмелері әртүрлі тақырыптарға, жанрларға немесе авторларға назар аудара алады және олар келушілерге жаңа кітаптарды қарап шығуға және кітапханашылардан ұсыныстар алуға мүмкіндік береді.

Кітап клубтары

Кітап клубтары – бұл оқыған кітаптарын талқылау үшін кітапханада үнемі жиналатын адамдар тобы. Кітап клубының мүшелері кітаптардан алған әсерлерімен бөлісіп, пікірлерімен және идеяларымен алмаса алады, басқа клуб мүшелерінен ұсыныстар ала алады. Кітап клубтары оқырман қауымның дамуына үлес қосып, кітапханада достық қарым-қатынас атмосферасын қалыптастырады.

Дауыстап оқу

Дауыстап оқу – кітапханашының немесе басқа оқырманның аудиторияға кітапты дауыстап оқуын қамтамасыз ету тәжірибесі. Дауыстап оқуды арнайы іс-шаралардың бөлігі ретінде немесе кітапхананың күнделікті жұмысының бөлігі ретінде жасауға болады. Бос уақыттағы оқудың бұл түрі тыңдаушыларға мәтіннен ләззат алуға және олардың түсіну және оқу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Әдеби кештер, авторлармен кездесулер

Әдеби кештер, авторлармен кездесулер – жазушылар мен ақындардың өз шығармаларын ұсынып, оқырмандармен араласатын шаралары. Бұл кездесулерде кітаптардан үзінді оқу, шығармашылық үдерісті талқылау, авторға сұрақтар қою болуы мүмкін. Әдеби кештер, авторлармен кездесулер оқырмандарға кітап пен жазушылар туралы көбірек білуге, сондай-ақ әдеби өлемен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Кітапханалардағы бос уақытта оқудың дәстүрлі түрлері келушілерді кітап оқуға тартуға және әдеби қарым-қатынасқа қолайлы жағдай жасауда маңызды рөл атқарады. Олар оқу дағдыларын дамытуға, көзжиектеріңізді кеңейтуге және кітаптар өлемені ләззат алуға көмектеседі.

Бос уақытта оқуды ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер

Қазіргі өлемде кітапханалар жаңа оқырмандарды тарту және оқуды қызықты әрі қолжетімді ету үшін бос уақытта оқуды ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерін белсенді түрде қолдануда. Төменде олардың кейбіреулері берілген:

Цифрлық технологиялар

Кітапханалар интерактивті және мультимедиялық оқу тәжірибесін жасау үшін цифрлық технологияларды пайдаланады. Бұл электронды кітаптарды, аудиокітаптарды, смартфондар мен планшеттердегі оқу бағдарламаларын, сондай-ақ виртуалды шындық пен толықтырылған шындықты пайдалануды қамтуы мүмкін. Оқырмандар мәтінмен және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін жаңа форматта оқуды ұнатады.

Кітап клубтары мен қауымдастықтар

Кітапханалар оқырмандар кітаптарды талқылап, өз әсерлері мен ұсыныстарымен бөлісетін кітап клубтары мен қауымдастықтарды ұйымдастырады. Бұл өзара әрекеттесу және пікір алмасу атмосферасын жасайды, сонымен қатар оқырмандарға олардың көзжиегін

Мақалада кітапханалардағы бос уақытта оқудың дәстүрлі және инновациялық нысандары, сондай-ақ балалар мен ересектердің, оның ішінде егде жастағы адамдардың бос уақытта оқуын ұйымдастырудағы кітапханалардың қызметі, олардың мәдени кеңістікті қалыптастырудағы және әдеби қауымдастықтың дамуындағы рөлі қарастырылған.

КІТАПХАНАЛАРДА БОС УАҚЫТТА ОҚУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

кеңейтуге және жаңа авторлар мен жанрларды ашуға көмектеседі.

Әдеби шаралар мен фестивальдер

Кітапханалар оқырмандар жазушылармен, ақындармен және басқа да әдебиет қайраткерлерімен кездесуге болатын әдеби іс-шаралар мен фестивальдер ұйымдастырады. Бұл оқырмандарға шығармашылық үдеріс туралы көбірек білуге және авторға сұрақтар қоюға мүмкіндік береді. Әдеби кештер, авторлармен кездесулер оқырмандарға кітап пен жазушылар туралы көбірек білуге, сондай-ақ әдеби өлемен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Виртуалды кітапхана және онлайн ресурстар

Кітапханалар виртуалды кітапханалар жасап, оқырмандар үшін оқуды қол жетімді және ыңғайлы ету үшін онлайн ресурстарды ұсынады. Оқырмандар интернет арқылы электронды кітаптарға, аудиокітаптарға, журналдарға және басқа да материалдарға қол жеткізе алады. Бұл оқырмандарға құрылғыларын пайдаланып, кез келген уақытта, кез келген жерде оқуға мүмкіндік береді. Бос уақытта оқуға арналған инновациялық тәсілдер кітапханаларға жаңа оқырмандарды тартуға және қызықты әрі тартымды оқу тәжірибесін жасауға көмектеседі. Олар оқу мүмкіндіктерін кеңейтіп, оны барлығына қолжетімді әрі ыңғайлы етеді.

Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын оқуын ұйымдастырудағы кітапханалардың қызметі

Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытта оқуын ұйымдастыруда кітапханалар маңызды рөл атқарады. Олар балалардың оқуға және әдебиетке деген қызығушылығын дамытуға көмектесетін арнайы бағдарламалар мен іс-шаралар жасайды.

Оқу клубтары

Кітапханалар балалар мен жасөспірімдер үшін оқу клубтарын ұйымдастырады, онда олар өздерінің жасындағы басқа оқырмандармен кездесіп, кітаптарды талқылай алады. Оқу клубтарында балалардың оқығанын жақсырақ түсінуіне және бағалауына көмектесетін пікірталас, ойындар, жарыстар және басқа да іс-шаралар өткізіледі.

Әдеби викториналар мен сайыстар

Кітапханалар балалар мен жасөспірімдердің кітаптар мен авторлар туралы білімдерін тексеру үшін әдеби викториналар мен байқаулар ұйымдастырады. Бұл балаларды көбірек және әртүрлі тәсілдермен оқуға ынталандырады, сонымен қатар олардың танымдық қабілеттері мен шығармашылық ойлауын дамытады.

Шығармашылық шеберханалар

Кітапханаларда балалар мен жасөспірімдер өздерінің әңгімелерін, өлеңдерін, суреттерін және басқа да өнер туындыларын жасай алатын шығармашылық шеберханаларды өткізеді. Бұл олардың шығармашылығы мен қиялын дамытуға көмектеседі, оқу мен әдебиетке деген қызығушылықтарын нығайтады.

Авторлар кездесулері мен әдеби мерекелер

Кітапханалар балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптардың авторларын оқырмандармен кездесуге шақырады. Бұл балаларға кітап жасау процесі туралы көбірек білуге және авторға сұрақтар қоюға мүмкіндік береді. Кітапханаларда балалар мен жасөспірімдер әдебиеттің әртүрлі жанрларымен және авторлармен танысатын әдеби фестивальдер да ұйымдастырылады. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытта оқуды ұйымдастырудағы кітапханалардың қызметі олардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдер арасында мәдени кеңістік пен әдеби қауымдастықтың қалыптасуына ықпал етеді.

Ересектердің бос уақытта оқуын ұйымдастырудағы кітапханалардың қызметі

Ересектердің бос уақытын оқуын ұйымдастыруда кітапханалар маңызды рөл атқарады. Олар ересектерге оқуды ұнатуға, білімдерін кеңейтуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесетін әртүрлі формалар мен әрекеттерді ұсынады.

Кітапханалар жиі кітап клубтарын ұйымдастырып, үлкендер оқыған кітаптарын талқылап, алған әсерлерімен бөлісіп, бір-біріне қызықты шығармаларды ұсына алады. Осы үйірмелер аясында қаламгерлермен кездесулер, әдеби оқулар, пікірталастар өткізіліп тұрады.

Әдеби кештер мен авторлық кездесулер

Кітапханалар атақты жазушылар мен ақындарды әдеби кештерге, авторлық кездесулерге шақырады. Үлкендер автормен кездесіп, оған сұрақтар қойып, кітаптың жасалу барысымен танысып, қолтаңба ала алады. Бұл әдебиет өлеміне еніп, сүйікті авторларыңыз туралы көбірек білуге тамаша мүмкіндік.

Кітап көрмелері мен жәрмеңкелер

Кітапханалар кітап көрмелері мен жәрмеңкелер ұйымдастырады, онда ересектер жаңа кітаптармен танысып, әдебиеттің әртүрлі жанрлары мен салаларын біле алады. Мұндай іс-шараларда кітаптарды арнайы бағамен сатып алуға немесе басқа келушілермен кітап алмасуға болады.

Әдеби сайыстар мен ойындар

Кітапханаларда ересектерге әдеби білімдерін сынауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және қатысуға көңіл көтеруге мүмкіндік беретін әдеби байқаулар мен ойындар ұйымдастырылады. Бұл кітаптар бойынша викторина, өлеңдер немесе әңгімелер құрастыру, кітаптардағы рөлдік кейіпкерлерді ойнау болуы мүмкін. Кітапханалардың ересектердің бос уақытта оқуды ұйымдастырудағы қызметі олардың оқудан ләззат алуға, ой-өрісін кеңейтуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ мәдени кеңістіктің қалыптасуына және ересектер арасындағы әдеби қауымдастықтың дамуына ықпал етеді.

Егде жастағы адамдардың бос уақытын оқуын ұйымдастырудағы кітапханалардың қызметі

Егде жастағы адамдардың бос уақытын оқуын ұйымдастыруда кітапханалар маңызды рөл атқарады. Себебі, кітап оқу – халықтың осы санаты үшін бос уақытын өткізудің ең қолжетімді және қызықты тәсілдерінің бірі.

Оқу клубтары

Егде жастағы адамдардың бос уақытын оқуды ұйымдастырудың бір түрі – кітап оқу үйірмелері. Осындай үйірмелер аясында қарт адамдар басқосып, оқыған кітаптарын талқылап, алған әсерлерімен бөлісіп, ұсыныстарын алмаса алады. Оқу клубтары қатысушылар арасында қарым-қатынас пен өзара түсіністік атмосферасын құруға мүмкіндік береді, сонымен қатар сіздің көзжиектеріңіз бен интеллектуалдық қабілеттеріңізді дамытуға көмектеседі.

Әдеби кездесулер, пікірталастар

Кітапханалар егде адамдар үшін әдеби кездесулер мен пікірталастарды да ұйымдастырады. Мұндай шараларда олар белгілі жазушылармен, ақындармен, сыншылармен кездесіп, әдебиет туралы қызықты лекциялар тыңдап, өзекті тақырыптарды талқылай алады. Бұл егде жастағы адамдарға әдебиет туралы білімдерін кеңейтуге, ішкі өлемен байытуға және пікірлес адамдармен қарым-қатынастан ләззат алуға көмектеседі.

Дауыстап оқу

Өз бетінше оқуда қиналатын қарт адамдар үшін кітапханалар дауыстап оқу қызметін ұсынады. Бұл көру немесе есте сақтау проблемаларына қарамастан, оларға кітаптардан ләззат алуға және әдебиеттерден ләззат алуға мүмкіндік береді. Дауыстап оқу да мәдени

мұраны сақтауға және әдеби шығармаларды болашақ ұрпаққа жеткізуге көмектеседі.

Кітап көрмелері мен жәрмеңкелер

Кітапханалар егде жастағы адамдар үшін кітап көрмелері мен жәрмеңкелер ұйымдастырады, онда олар жаңа кітаптармен танысуға, кітапханашылардан ұсыныстар алуға және оларды қызықтыратын атауларды сатып алуға болады. Мұндай іс-шаралар егде жастағы адамдарға әдеби жаңалықтардан хабардар болып, мәдени ортада болып, кітап таңдау және сатып алу үдерісінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Егде жастағы адамдардың бос уақытта оқуын ұйымдастырудағы кітапханалардың қызметі олардың өмір сүру сапасы үшін үлкен маңызға ие. Бұл олардың белсенді болуына, интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға, әдебиеттен ләззат алуға және пікірлес адамдармен қарым-қатынас жасауға көмектеседі. Кітапханалар егде жастағы адамдар үшін өздері маңызды сезінетін және қоғамның мәдени өміріне қатыса алатын жылы шырайлы ортаны қамтамасыз етеді.

Мәдени кеңістікті қалыптастырудағы және әдеби бірлестіктерді дамытудағы кітапханалардың рөлі

Кітапханалардың мәдени кеңістікті қалыптастыруда, әдеби қауымдастықтарды дамытуда алатын орны зор. Бұл адамдар кездесіп, пікір алмасып, әдебиетті үйреніп, ләззат алатын орталықтар.

Мәдени кеңістік құру

Кітапханалар адамдар кітап пен әдебиет өлеміне енетін мәдени кеңістік жасайды. Олар әртүрлі кітаптар, журналдар, мерзімді басылымдар, аудио және бейне материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ кітапханалар келушілердің мәдени көзжиегін кеңейтуге көмектесетін көрмелер, лекциялар, әдеби кештер және басқа да шаралар ұйымдастырады. Сонымен қатар, кітапханаларда концерттер, өнер көрмелері, театр қойылымдары және т.б. сияқты мәдени және өнер шаралары жиі өткізіледі. Бұл шығармашылық пен шабыт атмосферасын құруға, сондай-ақ әртүрлі аудиторияларды, соның ішінде жастарды, ересектерді және қарттарды тартуға мүмкіндік береді.

Әдеби бірлестіктердің дамуы

Әдеби қауымдардың дамуында кітапханалар маңызды рөл атқарады. Олар жазушылар, ақындар, сыншылар және басқа да әдебиет қайраткерлерінің бас қосатын жерін қамтамасыз етеді. Кітапханалар әдеби клубтар ұйымдастырады, онда адамдар кітаптарды талқылап, алған әсерлері мен идеяларымен бөліседі. Кітапханалар да жергілікті авторларға қолдау көрсетіп, олардың шығармаларын басып шығаруға көмектеседі. Олар әдеби шығармашылықты дамытуға ықпал ететін және жергілікті авторлардың назарын аударатын әдеби байқаулар, фестивальдар және басқа да шаралар ұйымдастырады. Сонымен қатар, кітапханалар балалар мен ересектерде оқу және жазу дағдыларын дамытуға көмектесетін әдеби сабақтар мен курстар ұйымдастыра отырып, оқу орындарымен белсенді ынтымақтастықта. Жалпы, мәдени кеңістікті қалыптастыруда, әдеби қауымдастықты дамытуда кітапханалардың рөлі зор. Олар адамдар әдебиеттен ләззат алатын, пікір алмасып, шығармашылығын дамытатын орындар жасайды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, бос уақытта кітап оқу – кітапханалық-ақпараттық қызметтің маңызды бөлігі деп айта аламыз. Кітап оқу, әдеби кештер мен клубтар өткізу сияқты бос уақытта оқудың дәстүрлі түрлері өзекті болып қала береді және кітапханаға келушілер арасында танымал болуда. Дегенмен, технология дамыған сайын және аудитория қажеттіліктері өзгерген сайын, бос уақытта оқуда электронды кітаптарды пайдалану, онлайн іс-шараларды өткізу және виртуалды әдеби қауымдастықтарды құру сияқты инновациялық тәсілдерді қолдану да маңызды. Кітапханалар әртүрлі әдеби шығармаларға қолжетімділікті қамтамасыз ету және оқу мәдениеті мен шығармашылық ойлауды насихаттайтын іс-шараларды ұйымдастыру арқылы мәдени кеңістіктерді қалыптастыруда және әдеби қауымдастықтарды дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл шаралардың барлығы оқуды қызықты және барлық жас топтары үшін қолжетімді етуге және адамдарға әдебиетті ұнатып, ләззат алуға көмектесуге бағытталған деп есептейміз.

Альбина АХАНОВА,

«Тіл, әдебиет және ақпарат» БББ оқытушысы, филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

Сәнді САТАГАЛИЕВА,

«Тіл, әдебиет және ақпарат» БББ аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты

Мақалада физика сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолданудың тиімді әдістері қарастырылады. АКТ оқушылардың күрделі физикалық ұғымдарды түсінуіне, ғылыми процестерді визуалдауға, пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға және олардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Физика сабақтарында қолданылатын АКТ құралдарының ішіндегі ең тиімділері – виртуалды зертханалық жұмыстар, анимациялар, симуляциялар, электрондық оқу платформалары, онлайн тестілеу жүйелері және интерактивті тақталар. Бұл технологиялар сабақтағы оқу материалдарын көрнекі және түсінікті етіп ұсынуға, сондай-ақ оқушыларға өз бетінше тәжірибе жасап, қосымша білім алу мүмкіндігін беруге көмектеседі. Сонымен қатар АКТ оқытушыға оқушылардың оқу процесін тиімді басқаруға, олардың білімін бағалауға және оқу нәтижелерін бақылауға мүмкіндік береді. Мақала АКТ қолданудың артықшылықтары мен шектеулерін талқылай отырып, оның оқыту тиімділігін арттыру жолдарын ұсынады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, физика сабақтары, виртуалды зертханалар, анимациялар, симуляциялар, онлайн тестілеу, интерактивті тақта. Физика сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану қазіргі білім беру жүйесінде маңызды орын алады. АКТ оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, күрделі физикалық ұғымдарды меңгеруге, теорияны тәжірибемен байланыстыруға, және өзіндік зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл мақалада физика пәнін оқытуда АКТ қолданудың тиімді тәсілдері, олардың артықшылықтары және оқушыларға әсері қарастырылады.

АКТ-ның физика сабағындағы маңызы

АКТ құралдары физиканы оқыту барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, күрделі ғылыми теорияларды көрнекі құралдар арқылы түсінуге көмектеседі. Мысалы, виртуалды зертханалар, анимациялар мен симуляциялар арқылы оқушылар физикалық процестерді көзбен көріп, оларды терең түсіне алады. Сонымен қатар АКТ оқытушыға сабақты тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді, себебі ақпаратты оқушыларға әртүрлі форматта ұсынуға болады.

Физика сабақтарында АКТ қолданудың тиімді тәсілдері

Виртуалды зертханалық жұмыстар

Виртуалды зертханалар — физикадағы күрделі тәжірибелерді қауіпсіз және оңай жүргізуге мүмкіндік беретін құрал. Олар әсіресе қауіпті немесе қымбат құрал-жабдықтар қажет ететін эксперименттерді орындауда тиімді. Мысалы, механикалық қозғалыс, оптика, электр тізбектері сияқты тақырыптарда виртуалды зертханаларды қолдану арқылы оқушылар тәжірибе жасайды, құралдардың әрекетін көріп, қорытындылар шығарады. Виртуалды зертханалар арқылы оқушылар қателіктерден қорықпай, өз бетінше тәжірибе жасап, өз нәтижелерін шығара алады.

Анимациялар және симуляциялар

Анимациялар мен симуляциялар оқушыларға физикалық құбылыстарды нақты көрнекілікпен көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, механика сабақтарында қозғалыс траекториясы мен жылдамдық векторларының өзгерісін көрсету, термодинамикада газ молекулаларының қозғалысын анимациялау оқушылардың пәнді жақсы түсінуіне көмектеседі. Симуляциялар арқылы оқушылар тәжірибелік тапсырмаларды виртуалды түрде орындап, нәтижелерді визуалды түрде көре алады.

Электрондық оқу платформалары мен LMS (Learning Management Systems) пайдалану

Электрондық оқу платформалары, мысалы, Moodle, Google Classroom сияқты құралдар оқушылардың оқу процесін жеңілдетуге арналған. Бұл платформаларда оқушыларға тапсырмалар беру, материалдарды тарату, сабақтар кестесін құру және оқушылардың үлгерімін бақылау мүмкіндіктері бар. Оқытушы оқушылардың әрқайсысына жеке қолдау көрсетіп, олардың білім деңгейін бақылай алады. Сонымен қатар, бұл платформалар арқылы оқушыларға қосымша материалдар ұсынып, өз бетінше дайындалу мүмкіндігі беріледі.

Онлайн тестілеу және бағалау жүйелері

Онлайн тестілеу және бағалау жүйелері арқылы мұғалімдер оқушылардың білімін автоматты түрде тексеріп, нәтижелерін жылдам ала алады. Бұл әсіресе физика пәніндегі теориялық және формулалық сұрақтар бойынша пайдалы. Мысалы, оқушыларға формула арқылы есеп шығаруды тексеру үшін бірнеше нұсқалық тест жасауға болады, ал жүйе оларды автоматты түрде бағалап, қателіктерін көрсетеді.

Ғаламтор ресурстары және білім беру сайттары

Оқушыларға физика бойынша қосымша мәлімет беру үшін ғаламтордағы сапалы білім беру ресурстарын қолдануға болады. Мысалы, Khan Academy, Coursera және YouTube сияқты платформаларда физикаға қатысты көптеген анимациялар, лекциялар және практикалық мысалдар бар. Бұл ресурстар оқушыларға тақырыпты жақсырақ түсінуге, өз білімін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Интерактивті тақталар және презентация құралдары

Интерактивті тақталар физика сабақтарын қызықты әрі көрнекі етуге көмектеседі. Тақтаны қолдану арқылы мұғалімдер анимацияларды, графиктерді және формулаларды бірден көрсетіп, оқушылармен интерактивті байланыс орнатады. Презентация жасау құралдары, мысалы, Microsoft PowerPoint, Google Slides сияқты бағдарламалар сабақ барысында теориялық материалды жүйелі түрде ұсынуға көмектеседі.

Физика сабақтарында АКТ қолданудың бірнеше артықшылықтары бар:

1. Көрнекілік – анимациялар, симуляциялар және виртуалды зертханалар күрделі физикалық процестерді көрнекі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, электр өрісі, электромагниттік толқындар немесе молекулалардың қозғалысын көрсету кезінде оқушыларға тақырыпты оңай түсінуге көмектеседі.
2. Зерттеушілік дағдыларын дамыту – виртуалды зертханалар оқушыларға физикалық тәжірибелерді қауіпсіз әрі оңай өткізуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе күрделі және қауіпті эксперименттерді жүргізуде маңызды рөл атқарады. Оқушылар тәжірибе арқылы білім алып, нәтижелерін талдауды үйренеді.
3. Сабақ уақытын үнемдеу – АКТ құралдарын қолдану арқылы мұғалімдер тақырыпты тезірек түсіндіріп, сабақтың тиімділігін арттырады. Мысалы, дәстүрлі лабораториялық жұмыстарға қарағанда, виртуалды зертханаларда тәжірибелерді жылдам жүргізуге болады.
4. Жеке оқыту – электрондық платформалар, мысалы, Moodle немесе Google Classroom, оқушыларға өз оқу қарқынына сәйкес білім алуға мүмкіндік береді. Әрбір оқушы тапсырмаларды жеке-жеке орындап, мұғалімнен кері байланыс ала алады.

АКТ қолдану барысында кездесетін қиындықтар

АКТ-ны физика сабақтарында қолдану кезінде кейбір қиындықтар туындауы мүмкін:

- Техникалық құралдардың жетіспеушілігі – барлық мектептерде интернетке қолжетімділік немесе заманауи техникалық құралдар болмауы мүмкін.
- Мұғалімдердің АКТ бойынша біліктілігі – АКТ-ны тиімді қолдану үшін мұғалімдердің технологиялық дағдылары болуы қажет. Кейбір мұғалімдерге АКТ-ны меңгеру үшін қосымша оқыту қажет болуы мүмкін.
- Қаржылық шығындар – кейбір виртуалды зертханалар немесе арнайы бағдарламалар ақылы болуы мүмкін, бұл мектептер үшін қосымша шығындарды талап етеді.

АКТ-ны сабақтарда тиімді пайдалану жолдары

Физика сабақтарында АКТ-ны тиімді пайдалану үшін мұғалімдерге әдістемелік нұсқаулықтар, оқыту семинарлары және техникалық қолдау қажет. Оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін АКТ құралдарын олардың деңгейіне және тақырыптың күрделілігіне сай таңдау керек. Мысалы, күрделі ұғымдарды меңгерту үшін алдымен анимация немесе графикалық иллюстрациялар қолданылып, кейіннен виртуалды зертханалар немесе симуляциялар арқылы нақты түсінік берілуі керек. Сабақ жоспарында АКТ элементтерін қолайлы үйлестіру оқушылардың сабақтағы зейінін арттырады.

Мұғалімдер АКТ қолдану арқылы тек ақпарат беру әдістерін ғана емес, оқушылардың рефлексиялық дағдыларын дамытуға да назар аударуы керек.

Физика сабақтарында АКТ-ны қолданудың тиімді тәсілдері

Мысалы, виртуалды зертханалық жұмыс аяқталғаннан кейін оқушыларды өздерінің жұмысына баға беруге немесе талдауға шақыру, АКТ құралдарын тиімді пайдалануға үйрету маңызды.

АКТ-ны физика пәніне енгізу бойынша ұсыныстар

Мектептерде АКТ инфрақұрылымын жақсарту

АКТ құралдарын толыққанды қолдану үшін мектептерде техникалық жабдықтардың жеткілікті болуы қажет. Мысалы, заманауи компьютерлер, интерактивті тақталар және интернетке тұрақты қолжетімділік оқу үдерісін жақсартуға септігін тигізеді.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру

Мұғалімдерге АКТ құралдарын тиімді пайдалануды үйрету мақсатында кәсіби даму курстарын ұйымдастыру қажет. Осылайша, мұғалімдер өз пәндерін оқытуда АКТ-ны қалай тиімді қолдану керектігін меңгереді.

Оқушыларға АКТ құралдарын қолдануды үйрету

Оқушылардың АКТ құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын дамыту қажет, себебі бұл олардың өзіндік білім алуына және ғылыми зерттеулер жүргізуіне көмектеседі. АКТ құралдарын меңгерген оқушылар өз бетімен ізденуге және тәжірибе жасауға қабілетті болады.

АКТ-ны оқу процесіне жүйелі енгізу

АКТ құралдарын сабақ барысында үнемі қолдану оқушылардың оларды тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастырады. Сабақтарда АКТ элементтерін жүйелі түрде қолдану оқушылардың білімін нақты әрі терең меңгеруіне ықпал етеді.

АКТ қолданудың болашақ мүмкіндіктері

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму қарқынына қарай, физика сабағында қолданылатын АКТ

құралдары да жаңа деңгейге көтеріледі. Мысалы, қосымша шынайылық (AR) және виртуалды шынайылық (VR) технологиялары болашақта физикалық құбылыстарды тереңірек түсінуге көмектесетін құралдар болуы мүмкін. Оқушылар арнайы көзілдіріктер арқылы тәжірибе жасап, эксперименттердің ішінде жүргендей сезіне алады. AR және VR физика сабағын бұрынғыдан да қызықты етіп, нақты өмірдегі физикалық заңдарды модельдеу арқылы оқушылардың түсінігін кеңейтеді.

Жасанды интеллект (AI) технологиясы арқылы мұғалімдер әрбір оқушының оқу деңгейін автоматты түрде қадағалап, олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмалар бере алады. Бұл технологиялар оқушылардың білімін дәл бағалауға және оларға дербес көмек көрсетуге көмектеседі. Мысалы, AI арқылы онлайн тест жүйелері оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап, қосымша тапсырмалар беруге мүмкіндік жасайды.

АКТ қолдану арқылы оқу нәтижелерін жақсарту

АКТ құралдарын тиімді қолдану оқу нәтижелерін айтарлықтай жақсартады. Оқушылар күрделі теориялық ұғымдарды виртуалды зертханалар мен анимациялар арқылы оңай түсініп, физикалық процестерді өздері көріп, тәжірибе жасай алады. Бұл олардың теория мен практиканы байланыстыру қабілеттерін дамытады, сондай-ақ өз бетімен іздену және шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді.

Мұғалімдерге АКТ-ны тиімді қолдануға арналған ұсыныстар

1. Сабақ құрылымына АКТ элементтерін кірістіру – Мұғалімдер сабақ жоспарын-

да АКТ құралдарын қолдануды алдын ала қарастыруы керек. Мысалы, жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде анимациялар мен симуляцияларды қолдану, тәжірибелік сабақтарда виртуалды зертханаларды пайдалану ұсынылады.

2. АКТ құралдарының бірнеше түрін біріктіру – Сабақта бірнеше АКТ құралдарын қатар қолдану сабақтың тиімділігін арттыруға көмектеседі. Мысалы, бір сабақта анимация, симуляция және онлайн тестілеу құралдарын бірге қолдану арқылы оқушылардың теориялық білімін бекітіп, практикалық дағдыларын дамытуға болады.

3. Оқушылардың қызығушылығын арттыру – АКТ құралдарын сабақта қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға болады. АКТ сабаққа интерактивтілік пен шығармашылық элементтер енгізіп, оқушылардың өз бетінше ізденуін ынталандырады.

4. Кері байланыс беру – АКТ арқылы мұғалімдер оқушыларға жедел кері байланыс бере алады. Онлайн тестілеу жүйелері, электрондық платформалар арқылы оқушылардың нәтижелерін бірден бағалап, олардың біліміндегі олқылықтарды анықтау оңай.

Қорытындылай келе, АКТ физика пәнін оқытудағы маңызды құрал болып табылады және оны дұрыс қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, танымдық қабілеттерін дамытады және білім сапасын жақсартады. Оқушыларға тақырыпты көрнекі түрде ұсыну, тәжірибелік жұмыстарды виртуалды ортада жасау және білім деңгейін бақылау сияқты тәсілдер АКТ-ның білім беру үдерісіндегі орнының маңыздылығын көрсетеді. АКТ-ны жүйелі түрде қолдану арқылы физика пәнінің тиімділігін арттыруға және оқушылардың ғылыми ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік бар.

*Алмагул ЕСЕНГАЛИЕВА,
Физика-математика БББ-ның аға
оқытушысы*

■ Тағылым

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткен жылғы желтоқсан айының басында қазақтың көрнекті ақыны, Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына орай «Алты алаштың ақын қызы – Фариза» тақырыбында кеңейтілген аймақтық ғылыми-педагогикалық семинар өткізілді.

ҒАЛЫМҒА ТАҒЗЫМ



Осы ғылыми-әдістемелік семинар жұмысына Махамбет университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық

құндылықтар академиясының академигі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы қатысып, «Ақын Фариза Оңғарсынова – Қазақ поэзиясы төріндегі тұғырлы тұлға» тақырыбында ғылыми

баяндама жасады. Түстен кейін профессор Абат Сатыбайұлы Атырау университетінің I-IV курс студенттері үшін «Кәсіби ритор-педагогтың профессиограммасы» тақырыбында арнайы Шеберлік сағатын (мастер класс) өткізіп, кәсіби шешендікке, шешен сөйлеу мәдениетіне қатысты студент жастардың сұрақтарына кең көлемде жауап беріп, өзара жарасымды да тиімді диалогқа, пікірталасу алаңын қалыптастырды. Профессор Абат Сатыбайұлының шеберлік сағатында университет ректоры, профессор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы сөз алып, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Ғылыми кеңесінің бірауыздан қабылданған шешімімен Қыдыршаев Абат Сатыбайұлына Құрметті профессор атағы берілгенін хабарлап, ғалымға халық алдында профессорлық мантия кигізіп, арнайы куәлікті табыс етті. Уикипедия мағлұматнамасына сүйенсек, «профессор» сөзі - латын тілінен аударғанда оқытушы-ұстаз мағынасындағы жоғары оқу орны оқытушысының ғылыми атағы. Алғашында бұл сөз сонау Рим империясында қолданысқа енген. Құрметті профессор атағы – өзіндік білікті қызметімен университет имиджінің нығаюына, серпінді дамуына, халықаралық деңгейде танылуына өз үлесін еселей қоса білген ғалым тұлғалардың символы. Профессорлық мантия мен конфедератканың (бас киім) тарихы да сонау орта ғасырлардан бастау алады. Мантия – дипломның басты атрибуты. Ол өзіндік сыртқы түрімен иесінің тектілігін, даналығын, кәсіби даралығын көрсетеді. Мантияны толықтырып тұрған конфедератканың прототипі ермолка делінеді. Профессорлық конфедератка төрт бұрышты төбесі биік шашақты болып келеді. Бұл – белгілі бір ілім-білімді, ізгілікті игерген тұлғалардың мағыналы ғұмыры мен тұрақтылығының біртұтастығын білдіреді. Конфедераткада шашақ басты элемент саналады. Бұл – тұлғаның асқан білімдарлығы тұрғысында танытады.

Жиын соңында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы профессор Абат Сатыбайұлына білім ордасы профессор-оқытушылары және студент жастары атынан өз ризашылығын білдіріп, ілгергі ғылыми ізденістеріне толағай табыс және саушылық тіледі.

Болат БАТЫР,

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры, «Болат-Медиа» мекемесінің директоры, Халықаралық Махамбет атындағы сыйлықтың иегері

Үздік факультет

Университетіміздің филология факультетінде «Jastar life» орталығында белсенді I-II курс студенттерінің ұйымдастыруымен іс-шара оздырылды.



Іс-шараның негізгі мақсаты – өздеріңіз білетіндей, филология факультеті білім ордамызда өткен «Махамбет үздігі – 2024» байқауында «Үздік факультет» аталымын 6 факультет арасынан жеңіп алған студенттеріміздің еңбегін бағалау болатын. Филология факультеті – университетімізде ең көп докторанттар, магистранттар шығатын білім ордасы. Филология факультеті – білімнің тірегі, ғылымның жүрегі.

Үздік екендерін дәлелдеуден талмайтын факультет белсенділері оқытушыларымызға арнап өз өнерлерін паш етті. Еркін тақырыпта өткен бұл іс-шарамызда ән айтып, поэзия оқып, би биледі. Студенттеріміз жағымды көңіл-күй сыйлап, оқытушыларымыз тәттілерімен қуантты.

Махамбеттің үздігі атану – белек дәреже! Жаса, Махамбет! Жаса, Филология!

Искусство танца: путь вдохновения и движения!

В университете Махамбета успешно завершился курс «Искусство танца» рамках программы «Серебряный университет!» Под руководством старших преподавателей, магистров Кенжетовой А.И. и Амреевой Т.М., участники освоили насыщенную 36-часовую программу.

Они изучили хореографические элементы латиноамериканских и европейских спортивных бальных танцев, погружаясь в увлекательный мир танцевального искусства. Программа была специально разработана для людей старшего возраста и проходила дважды в неделю в уютных и профессионально оборудованных залах. Участники с энтузиазмом изучали новые движения, вдохновляли друг

друга и наслаждались теплой, дружеской атмосферой. Все выпускники получили заслуженные сертификаты, но главное – это радость, энергия и вдохновение, которые принесло искусство танца. Этот курс – яркое доказательство того, что возраст не является преградой для творчества и стремления к знаниям. Огромное спасибо всем, кто стал частью этого вдохновляющего проекта.





БАЛИ – Индонезия елінің Кіші Зонд аралдар тобына кіретін ауданы 345780 шаршы шақырым арал. Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық, сондықтан баршаңызға Балидың ғажайып табиғатын көріп, түйсініп, елдің қонақжай халқымен дос-туыс болып кетуді нәсіп етсін! Балиде біз қонақүй орнына екі қабатты виллаға орналастық. Бұл бес жұлдызды қонақүйден кем емес. Таңғы ас осында қарастырылған және де күн сайын таңғы асты әртүрлі елдің ас мәзірінен дайындап қояды.

**Мен өзіміз Балиде болған жерлерден қысқаша мәлімет бере кетейін:
Бали саяхаты мынандай көңіл-күйден басталса, арғы жағы...**

Ыстық күнде сарқырама астындағы салқын суға шомылудың өзі... Бұл жерден де есте қаларлық тамаша суреттер мен бейнебаяндар түсірдік. Балидегі күріш егілген террасалар да көздің жауын алатын туристік жерлер болып көрінеді. Біз үшін сарқырамадан қайтқан жолдағы кофе плантациялары мен шоколад ағашы өскен бақты көру тамаша болды. Бұл жерде кофенің қырыққа жуық түрі өседі екен. Осылардың бәрінен дәм татқызды. Ең таңдаулысы Корі Luwak – Лувак кофесі – әлемдегі сирек табылатын, элиталық қымбат (1 кг. – 700 АҚШ доллар) кофе. Ол Индонезияның бірнеше аралдарында өндіріледі, бірақ Бали аралында өндірілетін кофе Лувак Балидің климат ерекшелігіне байланысты жұмсақ, қайталанбас өзіндік дәмділігімен жоғары бағаланады. Ол Мусанг немесе пальма Сусары жануарының нәжісінен даярланады. Мусанг негізінен насекомдар мен әртүрлі жеміс тұқымдарымен қоректенеді. Оларға тамақтанғаннан кейін тәтті тағам (десерт) орнына бір жануарға күніне



Сыйтылар әңгімесінің өзегі – бұл елге саяхаттасаныңыз өкінбейсіз !!!

Балиде жүзден астам сарқырама бар екен. Біз аралдағы ең әдемі сарқырамалардың бірі - Баныомала сарқырамасында болдық. Оның атауы индонезия тілінде «тазалану», «негативтен тазару» деген мағына білдіреді. Биіктігі 40 метрге жуық. Такси сарқырамаға дейін бармайды. Қалған жол машина жүруге өте қолайсыз. Тар тік жарқабақ арасымен біресе жоғары көтерілетін, біресе төмен түсетін біраз жер. Реті келгенде айта кетейін Малайзияда да, Балиде де транспорттың басты түрі – мотоцикл. Біздің туристік тобымыздағы жалғыз көрі адам менмін. Жастар мені бір мотоциклистке отырғызып жіберіп, мен сарқырама маңына олардан бұрын жеттім.



бір кг. кофе ағашының жемісін береді. Ол жануардың асқазанында әртүрлі ферменттердің әсерінен өзгеріске ұшырайды. Нәжісті кептіріп, түрлі технологиядан кейін бір кг. кофе ағашы жемісінен бар болғаны елу грамм кофе дөні алынады. Міне, кофе Лувактың қымбаттылығының себебі. Шоколад ағашының осы жерде өсетіні туралы студенттеріме айтатын едім. Өз көзіммен бірінші рет көруім. Шоколадтың да бірнеше түрінің дәмін таттық.

Улун дану бератан – Братан көлі жағасында Батур жанартауының кальдерінде 1633 жылы салынған храм. Храм су, өзен, көл құдайы Дэви Дануға құлшылық етуге арналған ғибадатхана кешені. Братан көлі Балидегі суару және ауыз судың негізгі көздерінің бірі. Улун Дану храмы Балидегі негізгі туристік бағыт. Чанди бентар – осы Улун дану храмын тең екіге бөліп көрсетіп қақпа түрінде жасалған монумент. Бұл балиліктер танымында ғаламдық энергия ақ пен қараны бөліп тұрған жер. Осы қақпадан өткен адамның жаны тынышталады деген сенімдері бар. Балиде болып, бұл жерде болмау, Балиде болмағанмен тең. Бали аралында жағажайдың жаның қалайтын қандай түрінде табуға болады. Біз алғаш шомылған жағажайымызда жалт-жұлт еткен қара құм болды. Мұндай қара құмды жағажайды өмірімде бірінші рет көруім! Әрине бұл жердегі құм жанартаулық жыныстардан пайда болғаны белгілі. Қаласаңыз аппақ құмды жағажайлар да жеткілікті. Балидың жағажайынан кеткіміз келмегені соншалық Самалым батып бара жатқан Күнді «ұстап қалмақ» болды.

Балиден 12 шақырым Нуса Пенида аралына жедел

катермен бір күндік саяхатқа бардық. Арал ішіндегі жол өте қауіпті, күрделі. Бұл жерде кең тараған транспорт түрі мотоциклге қызықпай жергілікті жердің жүргізушісімен машинаға міну керек. Бұл жерде туристік сервисте біршама кемшіліктер бар... Кім не көргісі келсе, соны көреді. Мұнда да туристерге есте қаларлық жерлер жеткілікті:



Аралдан ашық Үнді мұхитына жедел қайықпен барғанның да өз қызығы мол болды... Маған осымен үшінші рет Үнді мұхитында жүзу бақыты бұйырды. Мұнда біз сноркелингпен айналыстық. Аквалангпен су түбін көрген адамға бұл таңғаларлық емес, бірақ айналаңдағы қоршаған табиғат пен адамдардың көңіл күйі жақсы демалыс сыйлайды.

*Сұлушаш Құлмалиева,
зейнеткер ұстаз. Астана қаласы.
Қазақстандық Ұлттық Географиялық қоғамы мүшесі*

Өлең сөзді драма жанрында да қалам тербеген Қадыр Мырза Әлидің бұл саладағы жетістігі де жемісті көрінеді. Қадырдың барлығы жеті шығармасы, атап айтқанда үш драмасы бар (олар: «Өмір Темір (екі бөлімді, жеті көріністі драма)», «Жаралы жолбарыс (екі бөлімді, алты көріністі драма)» және «Мың бір мұң (екі бөлімді, бес көріністі трагедия)», екі либреттосы (олар: «Отырар ойраны» және «Төле би»), сонымен бірге екі комедиясы (олар: «Сақал саудасы» мен «Тұрт, сайтаным, тұрт»).


«Өмір Темір» драмасы – күрделі туынды. Жарты әлемді билеген Ақсақ Темірдің өмірінің бір белесін көрсеткісі келген сынды бұл шығармасында Қадыр шайыр. Бір белесі болғанда өмірші өмірінің тарихынан сыр шерте отырып, оның ғұмырының аяқталу салдары мен себебін аса көп емес, шағын персонаждарды

сақтандырады.

«Жаралы жолбарыс» драмасының бас кейіпкері - Махамбет Өтемісұлы. Ақын һәм батыр өмірінің тарихтан мәлім сәттерінен сахнаға лайықты үзінділер ұсынған. Баймағамбет сұлтан мен Махамбеттің жиі-жиі монолог алмасуы арқылы өткен дәуірдегі қазақ даласының жай-күйін алдыға жайып салады. Драмада өз тумалары мен қайын жұртының сатқындығынан ажал құшқан Махамбеттің трагедиялы халі сипатталады. Автор әр монолог пен диалогте кейіпкерінің әдеби бейнесін танытып, көрерменін образды жүйелер әрекетін білуге жетелейді. Батырдың түбіне жеткен өзінің қайынағасы, ру басы старшын Сарыбөпе, досы, серігі саналып жүрген Берікбай, ағайыны Ықылас, Жүсіп бейнелері екіжүзді типтер қалпында берілсе, Баймағамбет сұлтан мен оның жандайшаптары, Жәңгір ханның

Махамбеттің даусы:

Қателеспе Нарқоспақтың баласы!
Бітпек емес хан мен халық таласы.
Мен өлгем жоқ!
Басым шауып алғанмен,
Қайта туар мені қазақ даласы!
- деп тебіренсе, сахнада теңселіп жүрген Баймағамбет:
Жолға шықсаң – жолыңда да Махамбет,
Жалыңда да
Қомыңда да Махамбет.
Өңінде де
Түсінде де Махамбет,
Оңыңда да
Солыңда да Махамбет!
- деп өкінішпен үн қатады, батырдың рухын әлсіз мойындаған сұлтан құлағын баса шайқала теңселіп шарасыздыққа салынады. Автор Баймағамбеттің Махамбеттен жеңілгенін сұлтанның өз аузымен айтқызады. «Саған қарсы шар



ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ДРАМАСЫНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

сахнаға шығарып, көрерменін жалықтырмайтындай жағдайда жеткізе білген. Өлеңмен жазылған драманың жетістігі мынада:

1) Өмір Темірдің әдеби бейнесін сомдауда оның адами қарекетін өміршілдік империалистік көзқарасынан алып түзген;

2) Патшаның пенде ретіндегі іс-харекеті, өзі қоршаған ортамен байланысы көрінеді;

3) Өлемге танымал тұлғаның, кәдімгі пендеге тән қарапайымдылықпен де өмір сүргенін таныта түседі;

4) «Батыр - аңғал» дегендей Өмір Темірдің қытай саудагері, арам ойлы Ди Уға алданып, ол берген улы шараптан ажал құшқанын баян етеді.

Драмаға тән құбылыс бұл шығармада Өмір Темірдің қасындағы аталық, ақылшы, кеңесші Зайнуддин Әбубәкір мен тарихшы, шешіретші Ғиасад-дин Әли арқылы дамиды. Сонымен бірге туындыда Өмір Темірдің бейнесін жан-жақты ашуға сеп болатын бір тип бар. Ол - Баязет сұлтан. Бас кейіпкердің түсіне еніп жарыққа шығуына әсер еткен. Баязет те осал адам емес. Түркияның сол дәуірдегі билеушісі.

Қасқыр бұзып көрген емес қорамды.
Кім болса да
Басым түсу – жоралығым
Сөйте тұра,
Сен түсіме кірдің де,
Мен Мәскеудің қақ түбінен оралдым!

Осылайша түсіне енген Баязет сұлтанды шынайы өмірде де Өмір Темір жаулап алып, өзінің тұтқыны етеді. Алайда жан-жағындағы уәзірлері мен кеңесшілерінің ақылына құлақ асып Баязетті босатады. Себебі біреу-ақ - мұсылман елдерінің көпірлердің қол астында қалуынан сақтану. Ғиасад-дин Әлидің: «Ашық қалса, Батысыңның қақпасы, Туыс емес / Түбінде / Көпірлер кеп ақтарады көріңді!» - деуі - Өмір Темірді сабасына түсіруге сеп болды.

Соңғы көріністе Қытайды жаулап алуға шыққан қалың қол Отырарда ошарылып тұрады. Қыс. Ақпан. Өмір Темір кенеттен ауырып, төсек тартып қалады. Түбі - өліммен аяқталады. Ажалы Қытай саудагері, жансыз Ди Удың толассыз берген шарабынан келеді. Драма эпилогында екі қытай - екі белгісіз диалогында: «Мың-мың жылдар, / Өлі сонша өтеді. / Тек дананың ақыл-ойы жетеді / Бізді жаулау мүмкін емес. / Жаулаған / Елдің өзі Қытай болып кетеді! Туынды түйіні осылай дейді: Өлемді жартылай жаулаған (Европа мен Шығысты) Өмір Темірдің ақыл-айласы Қытай жансыздарына қарсы тұра алмады. Автор осы шығармасы арқылы кейінгілерге үлкен ой тастайды, ел-жұртын

қайынатасы Қарауылқожа, Хазірет, Мұтазғали сұлтан, Құдайберген би, Ақтай старшын, Жамбыл старшын сияқты әпербақандар образдары өмірдің өзінен алынған, тарихта болған бейнелер.

Драмада кейіпкерлер аузымен айтылатын қазақ даласында орын алып отырған саяси-әлеуметтік жағдайдың ушығуы да қысқа һәм нұсқа түрде оқырманға (көрерменге) ой салып отырады. Патша әскерлері мен Жайықты жағалай қоныстануға бел буған ақ казактардың жан түршігерлік іс-әрекеттері, жергілікті халыққа тигізіп отырған зардаптары қазақ әдебиетінде (роман-повестерде) ішінара суреттелсе, бұл драмада автор тарихи-деректі зерттеулерде, жылнамаларда кездесіп қалатын фактілерді әдеби формада жеткізе білген.

Ал Баймағамбет пен Махамбеттің екеуара диалогында кездесетін және өзге де кейіпкерлер монологында келтірілген «Қазақтарды ұстап алып казактар / Қысты күні батырады ойыққа», «Жайық бойын жағалаған жастардың / Құйрығына тірі балық тығады /», «Қаралары көрінгеннен / Тығамыз / Қызымызды арасына тезектің! / Албастыны салып әлгі... есіңе / Әйел көрсе жармасады төсіне!» - деп келетін тіркестерден сол дәуірдегі орыс патшасының бодандығына ұшыраған халықтың жай-күйін аңғарамыз. Алайда жауыздыққа жауап қайтарған жергілікті тұрғындар да аянбай өш алуға, кек қайтаруға ден қойған. Оған төмендегі баяндаулар мысал бола алады:

Қазақтар да қарап жатқан жоқ есте,
Әйтіп-бүйтіп қайыруда есесін!
Жүгінген соң жүгінелік шындыққа!
Бұзуменен,
Ығуменен тындық па?!
Қазақтар да
Казактарды ұстап ап,
Хиуалыққа сатып жатыр құлдыққа!

Ызалы жұрт қайрат қылып,

Ышқынып,

Тәубасына келтіруге күш қылып,

Сәуіркітерін келген қара ниетпен

Қайыруда күтіріне піштіріп!

Негізі тартыс Махамбет ақын мен Баймағамбет сұлтан арасында өрбиді. Қалған персонаждар драмада оқиғаның күрделенуіне, одан әрі тартысты болуына ықпал етіп, себеп пен салдарға айналған. Махамбет халық атынан сөз алса, Баймағамбет патшаға жаққан аз тобырдың сойылын соғады. Драма Махамбеттің даусымен үн қатқан бейненің Баймағамбетпен тілдесіп, айыптаулар айтысып қақтығысқан монолог, диалогтарымен аяқталады.

салады Махамбет, / Азаттық! - деп жар салады Махамбет. / Тірі жүрсен қыр соңыңнан қалмайды, / Өлер болсаң - қарсы алады Махамбет».

Қадыр Мырза Әлидің және бір драмасы – «Мың бір мұң» аталатын трагедиясы. Туынды бес көріністен тұрады. Шығармаға қазақтың әйгілі ақын қызы, мұқым өнердің (айтыскер, жезтаңдай әнші, дәулескер күйші) сан түрін меңгерген Ұлбике Жангелдіқызының мұңлы өмірі арқау болған. Шығармада Ұлбикені топас күйеуі Бойтан қорлықпен өлтіреді. Қалың малдың құлы болған, Ұлбикенің ақындық өнеріне қарсы болған күйеуі оны айуандықпен азаптап қинайды. Ұр да жық мінезі бар әрі қызғаншақ Бойтан өз дәуірінің жұлдызы Ұлбикенің жан-жақты өнерпаздық талантын қызғанады әрі ақын қыздың асқан сұлулығы мен шешендігі оспадар күйеудің көңіл құртын бұзады. Жастай атастырылған Ұлбикенің мың бір мұңын үнсіз ұғынып, оған тілектес жандар ретінде жақын құрбысы Ұлжан, Күдеріқожа, Таспақожа, Ізтілеу, Жангел сияқты ақындармен қатар Ұлбикенің бала кезден бірге өскен досы әрі ағайыны Ақжол сынды жастардың бейнесі трагедияның жанрлық өрісін дамытуға, жандандыруға ықпал еткені байқалады.

Қадыр Мырза Әлидің драмашылық талантын толықтыра түсетін екі либреттосы бар.

Олар «Отырар ойраны» (Ә.Хасеновпен бірлесіп жазылған) және «Төле би» (Ә.Таразимен бірлесіп жазылған). Аталған екі шығарма да тарихи тақырыпты арқау еткен. «Отырар ойраны» - төрт бөлімді либретто. Қатынасушылардың басым дені тарихи тұлғалар – Отырардың өміршісі Қайыр хан, оның әйелі Гүлханым, қызы Гәуһар, Муса имам, Кербұғы жырау, Шыңғыс хан. Сонымен бірге нояндар, жыршы-ақындар, бақсы-балгерлер, босқындар, т.б.

Бұл либреттода бас кейіпкер – Ана. Ана болғанда да жеті бірдей ұлынан айырлған қаралы ана, кірмелі-шықпалы есі бар. Бірде Қайыр ханның Көк Сарайынан, енді бірде Шыңғыс ханның жорықта пайдаланатын үлкен жібек шатырынан табылып, зарлап жүрген Ана бейнесі екі жақтың да адами, имани қалыбын көрсететін образ. Екі елдің, екі сарайдың бек- патшалары Анаға қарсы қол көтере алмайды. Оқиға Отырардың Суфи дарбазасын Шыңғыс әскеріне ашып беріп, Қайыр ханды сатып кеткен Қараджа Хаджибтің опасыздығымен түйінделеді. Қайыр ханның әйелі Гүлханым у ішіп өледі. Тархан батыр жауға тұтқын болуға шыдамай көк сүңгіге өз еркімен қадалады.

Шыңғыс хан Қайырды сатқан Қараджа Хаджибтің опасыздығын көп ноянына және хан Қайырға көрсетіп жазалап өлтіреді. Ал Қайыр хан болса Отырардан айырылу – елден айырылу деген ұғымды жетекке алып Шыңғыстан құмыраға құюлы улы сусынды сұрап ішіп, өзін саналы түрде өлімге қияды. Қайыр ханның сүйікті қызы Гәуһарды Шыңғыс хан өзінің бір әскербасына сыйлыққа береді.

Либретто тарихи оқиғаның ізімен жазылған, ерекшелігі - өлең сөзбен өрілгендігінде. Автор дерек негізіне сүйене отырып, болған оқиғаның көркемдік мәнін әрлеп, рухани, тәрбиелік мағынасына көңіл бөлген.

Қадыр Мырза Әлидің «Төле би» либреттосы үш бөлімді операға негізделіп жазылған. Бұнда тарихи кейіпкерлер: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сабалақ (Болашақ Абылай хан) және т.б. ақындар мен батырлар, хандардың бәйбішелері, жаушылар мен хабаршылар, қатын-қалаш, бала-шағалар боп келеді. Шығарманың айтары бар. Қазақтың басына қатер төніп, жоңғар-қалмақтың есін шығарып, ойсырата жеңіп, енді ғана демін алған елдің алдынан бадырайып және бір қауіп төніп тұр. Ол қауіп-қатер оңтүстікте – шүршіттен, батыста - көпірден. Іштей өз ара билікке таласқан қазақ хандарының әрекетін басуға тырысқан қазақтың үш биі - Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би. Қазақтың жауы - қазақ па деген мәселе бұл туындыда батыл көтеріледі.

Шығарма түйінінде Төле би Қазыбек бидің қасына Сабалақты ертіп Арқаға қайтуын, дос-дұшпанды әбден байқап тануын ескерттеді де: «Жаныңызға Сабалақты алыңыз, / Соған назар салыңыз / Болашақта кім білген, кім білген / Осы болар ханыңыз» - деп өз пайым-жорамалын айтады. Сол Сабалақ кейіннен қазақтың атақты ханы Абылай боп тарихта қалады.

Қорыта айтқанда «Төле би» либреттосы ел тұтастығын ойлаған қазақ билерінің өз дәуіріндегі ерен ерліктерін танытуға арналған туынды. Тақырыбы мен идеясы ескірмейтін бұл дүниенің бұл заманда идеологиялық сара бағыты бүгінгі күн ұрпақтарына ұдайы ойлануды, тәуелсіздік пен бостандық жолында күресіп өткен ата-бабаларымыздың аманатына абай болуды ұлықтайды.

Қ. Мырза Әлидің театр сахналарында қойылып жүрген екі сатиралық комедиясы бар. Оның бірі – «Сақал саудасы немесе Алдар Көсенің алғашқы айқасы» деп аталады, екіншісі «Тұрт, сайтаным, тұрт» делінеді. Бірінші аталған комедияда қазақ аңызының атасы Алдар Көсенің сақал



Немере сағынышы

«Ата» сөзі үш әріптен ғана тұрса да, астарында берер мән мағынасы зор. Кез келген адам баласы атасына еркелеп, құшағында өссе, балалық шағының бақытты өткені айдан анық. Ата – ол қолдаушың, қорғаушың, қайда болса да сенің, жүрегіңнен ойып тұрып орын алған жалғыз хан серігің. Ата деген қанаттыға қақтырмас, тұтқылыққа шоқтырмас, өзгелерден биік көретін, алдыңа бар тәттіні жиып беретін, «Шоғайна менің табаныма батса да, немеремнің табаныма батпасын» деп, мойнына көтеріп, арқалап жүретін алтын адам. Ал менің атам мақтауға бір том кітаптың көлемі де жетпес, жүрегі ашық, мейірімді жан.

іздеп жүріп бастан кешкен оқиғалары баяндалады. Заты сатиралық мазмұнға құрылған комедия болғанымен ел билеген әділ ханды төңіректенген уәзірлердің қарапайым халыққа жасаған қиянаты әшкере етіледі. Қол астындағы көп уәзірдің ханды алдап, «ел ішінде бәрі жақсы, бәрі күйлі» деген көзбаяушылық әрекеттеріне Алдар көсенің қасына еріп жүріп Қылтың-сылтың рөліне енген «Әділ ханның» өзі күйі болады. Комедияда ханның ел басқару ісінде қарапайым халықтан, қоғамнан алшақтап қалуға болмайды деген авторлық идея бой көрсетеді.

Екінші комедияда Шық бермес Шығайбайдың сараңдығынан зардап шеккен кедей жігіт Ескермestің бес жылдық еңбегін қайтармақ боп түрлі жағдаяттарды бастан өткерген Алдар көсенің тапқырлығы хикая түрінде берілген. Аннотациясында айтылғандай шындыққа бергісіз аңыздың, аңызға бергісіз шындықтың «Тұрт, сайтаным, тұрт» аталып, ондағы оқиғаларды бастаған да, аяқтап, шырқау биігіне жеткізген де – сайтандар. Оқиға барысы олардың көмегімен дамиды. Адам баласын бұзудың, оның ақыл-есінен адасуының, еркінен айырылуының негізгі бір реттеуіш құралын атқарған көрі Сайтан мен бала Сайтан арқылы жеткізу - автордың өзі ойлап тапқан адам баласын ақылға шақыру, ашуға бой алдырмау сынды қалың бұқараға ортақ мәселелерді тетік құралы еткен.

Жалпы Қадыр Мырза Әлінің қайсыбір драмалық шығармасын алсақ та қоғамның дамуындағы заманауи мәселелер батыл көтеріледі. Ақынның өлеңмен жазылған-туындыларында қозғалатын мәселелер сан-сырлы сипат тауып, оқырманына көз таныс, кей ретте бейтаныс суреттерді тосады, яки біз өмір сүріп отырған дәуірдің де көпке ортақ сызатты мәселелерді ақын кейіпкерлерінің диалогы немесе монологы түрінде беріп, оқушысының намысын оятып, қайрап, қайраттандырып, езділіктен жирендіріп, өрлік іске үгіттеп, кей тұста оқырманына ой салып, баз бір уақытта ақылға салып, сабырға шақырып, сөз өнерінің құдіретіне бас иідріп отырады.

Қадыр драмашылығындағы жөне бір ерекшелік автор қай тақырыпты қозғаса да өмірдің өз өлшемінен ауытқымайды. Тарихи деректер болсын, аңыз-хикаялар болсын, өз қаһарманының бейнесін жеріне жеткізе көркемдік қуат, шынайы әр-түр беріп тұлғаландыра суреттейді. Оның сахналық туындылары өлең сөзбен жазылса да бейне-бір күрделі прозалық тарихи-деректі туынды сияқты оқылады. Олай болуының да бірнеше себептері бар.

Біріншіден, кейіпкерлер жүйесі шағын, оқырманын шаршататын артық-ауыс персонаждар тудырудан автор өзін аулақ ұстайды;

Екіншіден, ақын оқиға мазмұнын пішіндеуде шығарма тақырыбына сай форма, композиция құрудың шебері;

Үшіншіден, өлеңмен өрнектелген шығармада басы артық деталь жоқ, ықшам, дәл, қажетті сөз тіркестері жеңіл түзілген, олпы-солпы, шашау жатқан сөз единицасы жоқтың қасы;

Төртіншіден, ақын драмасының мазмұндық құрылымы, жазылу пошым негізінен өлеңмен беріледі де, ара-арасында қара сөзбен сілтеме жасалып, оқырманын қиналтып, бір абзацтан екіншіге жетелеп, ақыр соңы не болар ертіп, ауыр ойдан арылып, қақпақылдап, із-жолынан шығармай, жүйелі де жайлы соқпақпен алып жүргендей әсер қалдырады.

Жинақтай айтқанда, Қадыр Мырза Әлидің драмашылық қыры ақындығымен ұштасып, аталған тектің қалыбына молынан сыйған, көтерген тақырыбы мен ойға алған идеясының үддесінен шығып, сахна өнерінің қойылымына лайықты, жанры айқындалған көркем дүние боп қалыптасқан.

Зейнолла МУТИБЕВ,

филология ғылымдарының кандидаты,
доцент, М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университетінің профессоры

Утепбаев Карл Мұқанбетжанұлы дегенде бойымды мақтаныш сезім кернейді. Атамның атының өзі терең мағына, кітап бетіндегі бөлек бір тарау. Бұл әңгімеде басты рөлді мен сомдаймын, құдды бір шығарманың негізгі кейіпкеріндей. Мен мектепте жүргенде менен:

- Сен өзге ұлт өкілісің бе? Сен осы немістің қызы емессің бе? Ұсқының да қазаққа емес, корей халқына тартқан ба? - деуші еді. Мен: «Жоқ, мен нағыз қазақтың қанынан жаралған, таза қазағымның қызымын, бар болғаны атамның есімінің өзге ұлттан алынғандығы» - дейтінмін. Өзге ұлттың атын қойған себебі, сол жылдары дүниеге келген балалардың өмір сүру ұзақтығының төмен болуы, яғни қазақ есімін қойғанда дүниеге келгеніне жыл өтпей бақилық болуының кесірінен, туылған балаға басқа ұлттың атын қоюды дұрыс шешім деп санаған. Соның арқасында менің атамның көрер жарығы болып, жақсы жасқа жеткен. Мен сізді көрмесем де, ұрпағыңыз болғанымын үшін бақыттымын! Ата жайлы әңгіме өрбіттік, енді өнері жайлы сөз қозғап кетсем. Он саусағынан өнер тамған атам, тек адамдарды емдеп қоймай, жеті нотаны үйлестіріп, домбыраның құлағында ойнаған. Сол атамның

бойындағы өнері маған беріліп, шабытыма шабыт қосылып, жылдан жылға сол кісінің басқан ізімен жүріп отыруды Алла Тағалам дұрыс деп санаған! Мен балалық шағымда атамның жолын қуып, ақхалатты абзал жан болам деп армандаған болатынымын, бірақ маңдайыма жазылған бақ мүлдем басқа секілді. Мектеп бітіргесін аяулы әжемнің жолын қуам деген кенет ой пайда болып, ұстаз болам деп шештім! Екі мамандық та Алладан жіберілген мамандықтар қатарында болғандықтан, болашағымға үлкен сеніммен қараймын! Дәл қазіргі сәтте, Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің 2 курс студентімін! Кураторым халыққа атағы шыққан «Айтыстың ақтаңгері», «Ерен еңбегі үшін медалінің иегері» Мусина Жансая Ғалымжанқызы! Ол кісінің шәкірті болу кім көрінге бұйыра бермейтін бақыт.

Ары қарай ойымды өрбіте кетсем, әжем туралы да жаза кетуді жөн көрдім. Менің әжем жаны жайсаң, жайлы болса да, сөзге шешен, ойға жүйрік, іске шапшаң адам еді. Әжем мені «Мариян Жагорқызы» әнімен шайқап, ұйықтағанымды бақылап отырушы еді, өзгелерден артық жақсы көріп, көзінің қарашығындай қарады. Әжемнің тәрбиесі өскен шағымда мол пайдасын тигізіп жатыр, көптеген әділетсіздіктерді көрген, байқаған уақытта әжемнің маңдайымнан сипап отырып айтқан ақылы еске түсіп, өзімді сабырға келтірем. Өмірімнің соңына дейін

жететіндей ақыл, көрегенділікті, тектілікті, имандылықты бойыма сіңіріп кетті. «Алдыңда тұрған үлкеннің жолын кесіп өтпе, тізеңді құшақтама, қолыңды кісендеме» деген көптеген ырымға байланысты сөздері әлі құлағымда, жадымда. «Біреудің ала жібін аттама, обалына қалма» дегені тіптен бөлек. «Басы аманның, малы түгел» деген сөзде мүлдем басқа философия жатыр. Ұғына алған жанға, тереңіне түсе алған пендеге, өмірдің айқын шындығы дер едім! Дәл қазір жанымда болмасаңыз да, балалықпен жасаған ағаттығым, ренжіткен кездерім болса кешірім сұраймын. Ол кісінің мамандығы жоғарыда айтып кеткенімдей, Алладан келген мамандық ұстаз болу, шәкірт тәрбиелеу еді. Мен кішкентайымда өзім білетін есептің жауабын әжемнен сұрап, ол кісі қателеспей, тез жауап бергеніне ерекше қуанушы едім және ішімде сөзбен айтып жеткізе алмас сезім болушы еді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, мен ата-әжемнің немересі болғанымға қуанамын, әрі зор мақтанышпен өмір сүрудемін. Атам мен әжем артына із қалдырып кетті, сол ізбен жүру, атына кір келтірмеу, артындағы ұрпақ ретінде біздің өмірлік парызымыз деп білемін! Әрине, жылы алақанын, жүзін қайта көруді аңсаймын. Бірақ біз бұл бақытты енді тек түсте ғана сезіне аламыз...

Аружан АСҚАРҚЫЗЫ,
ҚТӨ-23 студенті

ЖАДЫМДА ЕРЕКШЕ САҚТАЛҒАН ЕРТЕГІ

Ертегі – бұл сөзді естігенде бойыңды бір керемет сезім билейді. Мен ертегілерді кішкентай кезімнен сүйіп оқимын. Ертегілердің көптеген түрлері бар. Олар өзіндік мән-мағынасымен ерекшеленеді. Осы жерде, мен өзіме ұнайтын көріс ертегілері туралы ойымды жазғым келеді. Жалпы балалар әдебиетінде көптеген әлем халықтарының ертегілері кездеседі. Соның ішінде маған қатты ұнайтыны корей ертегілері. Олар өте қызықты және әдемі суреттермен көркем безендірілген. Мен көріс кітаптарынан «Адал жігіт», «Ай мен Күн», «Айна», «Ит пен мысық», «Сиқырлы таяқ», т.б. ертегілерді оқыдым. Осы ертегілердің ішінен маған өзінің керемет сөздерімен, адал істерімен нақышына келтіре жазылған «Адал жігіт» ертегісі ойымда ерекше орын алды. Осы ертегінің өзіме ұнаған жерін сіздермен бөліскім келеді. Бұл ертегідегі басты кейіпкерлер Торен деген ұл мен Чунхян деген қыз туралы. Торен деген жігіт өте ақылды адам. Ал Чунхян деген қыз да сымбаты мен сәні келіскен өте ақылды, адал, кішіпейіл деп жазылған. Чунхян өз арманына жету үшін түрме ішінде көптеген қиындықтарды бастан өткізді. Ертегіде мінезі ауыр, ашушаң адамдар да кездеседі. Ол ел басқарушы, кедейлерге күн бермей, байларды төбесіне шығарады. Ел басқарушы Торенді қайыршы деп елге мазақ етіп отырса да Торен шыдамдылық танытып, сыр білдірмейді. Әрбір ісін азылмен шешеді. Торен өзінің адал екенін патшаның қолымен мөрі басылған қағазы арқылы ақтап алады. Торенді халық әділдігі мен ақылдылығы үшін сыйлап, құрметтейді. Адал жігіт Торен халықты қанаған зұлым патшаны түрмеге жауып, Чунхянды түрмеден босатып алады. Ертегі соңында ақылдылығымен, қайсарлығымен Торен армандаған мақсатына қол жеткізеді. Менің бұл ертегіден түйгенім адам ақылды, шыншыл, адал болса ғана адам атына лайықты деп ойлаймын. Жалпы бұл ертегінің ауқымы кең, кейінгі жас ұрпаққа берері мол, шындықты, адалдықты үндейді. Сондықтан мен сіздерді әлем халықтарының ертегілерін, соның ішінде Көріс ертегілерін оқуға шақырамын, жас достар!

Макка ЖАСЕНОВА,
КялАнгл-11 студенті



Ана деген сөзді іштей қайталап, сыртқа шығарып айту бір ерекше сезім. Ана бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлем тербеткен жан. Дүниедегі ешбір жанмен салыстыруға келмейтін, ең сұлу ерекше атау – Ана. Түн ұйқысын төрт бөліп, баласы үшін шыр-пыр болатын, жанын беруге даяр ол да – Ана. Сені әлдиіне салып аялап, барын беріп өзі қанағат қылатын жан – Ана. «Жұмақтың кілті анаңның табанында» демекші, анаңа қанша алғыс айтсаң да, анаңды арқалап Меккеге апарсаң да аздық етеді. Өзін ғана емес, сені ойлаған, бар махаббатын берген анаға әділетсіздік, құрметсіздік жасау қағбаны бұзғанмен тең. «Қарға баласын аппағым дер» дегендей, ана баласы қандай болса да қатты жақсы көреді. Бір үйдің ошағын түтетіп, өкенің қабағына қарап, жұмысына да үлгеретін жан. Қайда болсын үлгеретін, жұмыстың қиынына қарамайтын, оған шыдап көтере білетін жан. Сондықтан анаға сыйластық пен құрмет көрсетіп, сені жарық дүниеге әкелгенін есіңе алып, түсінсең анаға жақсылық жаса. Жабырқаса жұбатып, көңіліне күйбең түсірмей, сыйлық жасап қуанытып, әрдайым қасынан табыла біл. Ол сенің борышың, міндетің! Ана – ол дүниеде бар жақсылыққа тиесілі, құрметті жан.

Ақбота ӨТЕГЕН,
Кял-15 студенті

Қазақтың Қабдоловына сүйене ой өрсек, Қадырдың қадірі – мықтылығында. Өлеңі әркімді өзінің өзгеше философиялық тереңіне тартып, оқыс ойға шомдырады да қояды. Мәселен, ақын «Жанартаудың сөнгендері - даңқты, Атылмаған жанартаулар қауіпті» деп жазады. Асылы, адам әдебиетке сұлудың бұрымындай өрілген екі мақсатпен келеді: бірі – өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту; екіншісі, өзге ешкімге ұқсамай, тек өзінше айту. Осы екі мақсат орындалған жерде ғана шын мәніндегі әдеби туынды бар. Шын мәніндегі әдеби туынды - мазмұн жағынан жаңалық ашу, пішін жағынан өнер табу. Қазақ поэзиясына өткен ғасырдың орта тұсынан өте бере келіп, сол ғасырдың соңғы отыз жылында тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант екеу болса – бірі, біреу болса – өзі – Қадыр...

Ал Қадыр ақын афористикасы туралы не айтуға болар?.. Ең алдымен, афоризм туралы. Білуімізше, сөз – сиқыр. Сөз – ойды ұрпақтар игілігіне аударушы асыл айна, зерен зерде. Сөз де, ой да - халық болмысын, рухы мен дүниетанымын танытушы адамдық қос құдірет емес пе. Ал афоризмді алғашқы кезекте, сөзге айналған ойдың, оймен нұрланған сөздің сән-салтанатын паш ететін бірегей тұжырымды түйін дер едік. Тәжірибеге жүгінсек, афоризм – кәсіби маманның шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастырар бірден-бір таптырмас құнды құрал да. Афоризм – қысқа сөйлеудің озық үлгісі. Бұл тұрғыда, Қадыр Мырза Әлі – афористік ойлау машығын үздік меңгерген қысқа сөйлеудің шебері.

тұлғалар мен ұшқыр ойлы замандастарымыздың ұлағатты сөз тәмсілдері. Интеллектуалдық қазына қалпындағы афоризмдер - адам, адамзат тағдыры туралы тұжырымдар. Олай болса, афоризмдер - қысқа да нұсқа ойнақы ой мен сиқыр сөзден өрілген тарих, ұлт тағдырын ұрпақтар сөзінің сабақтастығымен айғақтайтын рухани желі, уақыт тынысын, заман, қоғам мінезін танытар таңғажайып куәлік болмай ма...

Зерделеушілердің бірқатары афористиканы сөз өнерінің бір түріне жатқызады. Мәселен, данышпан Абай сөз өнерін өлең сөз (поэзия), қара сөз (проза) және ғақлия сөз (афористика) тұрғысында таразылайды. Демек, афоризм - өмір тәжірибесін барынша ықшам әрі өте жинақы кескіндеу құралы. Бұл жүйеде образдан гөрі ойға көбірек салмақ салынады, суреттеуден гөрі салыстыруға, өрнектеуден гөрі ойласуға басымдық беріледі. Логикалық-ғылыми тұрғыдағы тезистердегі талдау тазалығы мен дәлел жүйелілігінен гөрі ақиқатын ойша дәлелдеп емес, бастан өткізу арқылы ғана танып-білуге болатын бірегей рухани тәжірибеге сүйенілмек. Мәселен, афористика жанрында туындылар қалдырған жазба ақын-жазушылар сапында дана Абай шығармаларының шоқтығы айрықша. Абай - афоризмнің кең көлемді классикалық талаптарын терең білген, меңгерген және осы үлгідегі ой жауһарларын жасаған өлем ақыл-ой алыптары деңгейіндегі ғұлама ойшыл. Бұған қоса айтсақ, *Шәкәрім Құдайбердіұлы* («Өмірдің басы - бала, ортасы - адам», «Анық байлық - бойға біткен өнерің», «Бет сұлулығы - тән сыйы емес пе, дауыс пен сөз сұлулығы жан

хрия, максима секілді жанрлары да бар. Мәселен, *«гнома»* (грекше *gnome* пікір, түйін) - ықшамды түрде ұйқастырып айтылған екі немесе төрт тармақты өлеңмен келетін нақышты сөз. Араб, парсы, үнді әдебиеттерінде жиі кездеседі. Ежелгі грек, Рим поэзиясында да қолданылған. Кейін Еуропа әдебиетінде де өткір философиялық ой-тұжырымды қысқа қайырып айту үшін осы үлгі қолданылған. Біле білсек, афоризм алғаш дүние құбылыстары жөнінде жинақталған білімдерін түйіндеп, пікір білдірудің бір түрі ретінде дүниеге келген. Гиппократтың «Афоризмдері» (б.з.б.ІІІ-ІҮ.ғ.) соның бір мысалы. Ол әйгілі «*Өмір - қысқа, өнер - мәңгілік*» деген нақылымен ашылған. Сол сияқты орта ғасырлық афоризмдердегі негізгі бағыт та - медицина мен жаратылыстануға қатысты шағын кеңестер беру, рецептер ұсыну, ойға ой қосу. Жалпы афоризмдер бастауын сонау Заратуштра, Конфуций сияқты ғұламалар мұрасынан іздеген жөн...

Біздіңше, Қадыр Мырза Әлі афористикасының өміршеңдігі оның танымдық ерекшеліктеріне байланысты. Қадыр афористикасы - өткен ұрпақтардың өмір тәжірибесін, мәдени және өркениеттік ой қазынасын жоғалтып алмай, жаңғырта отырып, келер ұрпақ кәдесіне жаратуға мүмкіндік беретін бірегей тиімді тәсіл, ақыл-ой диалектикасының алтын көпірлерінің озығы. Қадыр ақын афоризмдері - кәсіби маманның қысқа да нұсқа шешен сөйлеуінің озық үлгісі де. Бұл ретте нақыл сөздер - тиімді ғылыми тезистер іспетті. Ғылым сенің керегіңді қайдан іздеп, қайдан табатыныңды

ҚАДЫР АҚЫН АФОРИСТИКАСЫ — АҚЫЛ-ОЙ ТҰНБАСЫ

Біздіңше, қазақ афористикасы – телегей теңіз ұлттық құндылықтар тұңғиығы. Ал сан ғасырлық аталы кеңестер тұнған ақыл да нақыл сөздер – даналық көзі. Халқымыз аталы сөз атан түйеге татиды деген. Сөздіктерге үңілсек, «афоризм» (*aphorismos*) сөзі көне грек тілінде «шағын үзінді», «бүтіннің бөлшегі», «үзік», «фрагмент», «қысқаша анықтама» ұғымдарына сай. Афоризм табиғаты таңғажайып. Тісінінше афоризм туралы пікірлер де сан алуан. Мәселен, «Афоризм - это граненый алмаз мудрости» (Гарун Агацарский), «Афоризм - это алгебра мыслей» (Георгий Александров), «Афоризм - это мысль, исполняющая пируэт» (Жорис де Брюйн), «Афоризмы подобны адвокатам, неизбежно видящим лишь одну сторону дела» (Энтони Бёрджесс), «Хорошие афоризмы - горькое лекарство в приятной оболочке, которое лечит, не оскорбляя вкуса» (В.Швебель), «Единственный способ читать книгу афоризмов без скуки - это открыть ее наугад и, найдя что-то интересное, закрыть книгу и предаваться размышлениям» (Шарль-Жозеф де Линь), «Афоризм - как пчела: в нем и золотистый мед, и ядовитое жало» (Кармен Сильва), «Изречения великих людей подобны позолоченным ложкам: позолота сходит от частого употребления, так и блеск афоризмов теряется от частых повторений» (О.Бальзак), «Мышление афоризмами характерно для народа» (М.Горький), «Афоризмы – камертоны жизни», «Афоризмы - это мысль, отшлифованная опытом» (А.Лаврухин), «Афоризм - это оригинальное выражение банальной мысли» (Э.Севрус), «Афоризм содержит полправды - необычайно высокий процент» (Габриэль Лауб), «Любой афоризм что орех: снаружи хорош, а внутри на три четверти пуст» (Фернан Вандран), «Афорист - добытчик аттической соли для чужих кушаний» (Веслав Брудзинский), «Вы заметили, что мы обращаем гораздо больше внимания на мудрые мысли, когда их цитируют, чем когда мы встречаем их у самого автора?» (Филип Хамертон), «Будущее литературы - в афоризме. Его нельзя эранизировать» (Габриэль Лауб), «Читая древних мудрецов, часто находишь что-то свое» (Болеслав Вольтер), «Не пора ли ввести колыцевание крылатых слов?» (Борис Брайнин), «Не надо мне некролога - лучше напечатайте на этом месте мои афоризмы» (Аркадий Давидович) т.б.

Бүгінде қазақ афоризмдерінің асыл арнасы сақ-скиф дәуіріндегі ойшылар сөздерінен, көне түркі жазбаларынан бастау аламыз білеміз. Яғни, қазақ афоризмдерінің бастау көзі арғы қазақ арналарынан тарата айтқанда б.з.д. V-VII ғ.ғ. бағзы мәдениет бұлақтарынан саналады. Бұған біздің дәуірімізге дейінгі шамамен 560 жыл бұрынғы атақты *Анахарсисстің* «Жақсылық та - тілден, жамандық та - тілден», «Сый - жеңгендікі, сөз - мергендікі», «Бақытты шаңырақ дегеніміз - жылтылдаған сәнді сарай емес, жан жарыңның, жақын-жораларың мен сүйкімді балаларыңның сыңғырлаған күлкісі, ырысы мен ынтымағы», «Дүниеде уақыттан жасы үлкен ешкім де, ештеңе де жоқ», «Үй дегеніміз - балташылар мен тас қалаушылардың - еңбегінің ғана емес, үй ішінде тұрып жатқан адамдардың өзара қарым- қатынасының да жемісі», *Тоқсарының* (Токсарид) «Достық туралы көп сөзден достық пейілді бір іс артық», «Құдалық та - достықтың дәнекері», *Тоныкөктің* (Тоң-ұқық) «Ақыл иесі - сөз иесі», «Қағаны батыр, ақылгөйі кемегер елдің бағы жанады», *Білгенің* (Мерген) «Түркіні бұзар - төтті сөз», «Дарақылқ үмітінді үзіп, қанатыңды қияды», «Түркі жұртының тоқмейілсуден асқан дұшпаны жоқ», *Күлтегіннің* «Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай!», «Ағасын танымаған іні азар, атасын танымаған ұл азар», «Кетіскеннен кектескен жаман» деп тұжырыуы айқын дәлел. Демек, қазақ афоризмдері - сан ғасырлық тіршілік тағылымынан нәр алған даналық ақыл-ой тұнбасы. Біле білсек, афоризмдер – көшпелілер мен олардың ұрпақтарының өмір сүру тәжірибесін паш ететін ұлттық санамызда, ел зердесінде ерекше із қалдырған ұлы



сыйы ғой. Әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екенінде дау жоқ. Бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды, ал сөз бен ән сұлулығын танушы аз», *Фабит Мүсірепов* («Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз», «Есті сөзді естігісі келмеген адам саңырауға тең», «Оқыс сөз, одыраң мінез - үлгісі жоқ ұлдыз, кер кеткен қыздық белгісі»), *Бауыржан Момышұлы* («Қайрат етер кезінде - жүк көтерер нардай бол, ақыл айтар кезінде - жүз жасаған шалдай бол», «Әдіссіздік әлсіздік»), *Мұзафар Әлімбаев* («Ескерткіш тозса да, естелік тозбайды», «Ақиқатты тек ақылды көздермен ғана көруге болады», «Әркім өз ескерткішін өзінің көзі тірісінде өз қолымен қалайды», «Ұста сөз - ұстаз», «Ұстаз ұқтыра алмағанды өмір ұқтырады», «Естілер еңкейген сайын, еңселене түседі», «Ұлтын білгің келсе, ғұрпын біл»), *Әбіш Кекілбайұлы* («Қандай заманда да өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес», «Дүниедегі ең қатерлі кесепат - үйреншікті дағдының дегенінен аса алмау», «Жаманның құтын қашырудың жалғыз жолы - жақсының нұрын тасыту», «Кісілік деген - өнер емес, ғылым») афоризмдерінен де тұнғық тереңдік пен тектілік айқын аңғарылады. Біз Қадыр Мырза Әлі сынды данышпанды да тап осы арнадан танымыз. Оған өзге емес, ақынның афористикалық туындылары бірден-бір дәлел. Мәселен, «*Мақсаты кішіден үлкендік шықпайды*», «*Адамдарды тоқтықпен де жазалауға болады*», «*Қайғының кішкентайы болмайды*», «*Мықты қарт мықты жастан шығады*», «*Әкені ұлы жеңгенде немересімен жеңеді*», «*Ұлтын сүймеген ұл – рухани құл*», «*Істеген жақсылығың өзіңнен кейін де өмір сүреді*», «*Әр үйден сәбидің үні шықпаса, ұлттан ұлы шықпайды*», «*Кішкене халықтың ұлына үлкен жүрек керек*», «*Дәстүр дегеніміз – әдетке айналған үлгілі әрекет*», «*Отанын сатқан зұлымда сатылмайтын бірдеңе бар деп ойлайсыз ба?!*», «*Ұлттың мықты болуы – ұл-қыздарының жаппай мықты болуына байланысты*», «*Ана тілі – ұлттың бірден бір паспорты*», «*Өзге тілде сайрау қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті*», «*Көзге сыймайтын тау сөзге сыйады*», «*Идиоманы идиомтар ғана бұзады*», «*Сөз сиқырынан асқан сиқыр жоқ*», «*Бір тонна қорғасыннан бір мысқал сөз ауыр*», «*Ой – көңілдің құлпы, орынды сөз - кілт*», «*Тіл қан шығармайды, жаныңды шығарады*», «*Сөздің бағасын түсірмей, бұлдай біл! Айта білмедің екен, тыңдай біл!*», «*Сөз - сеспей қатыратын қару*», «*Жақсы сөз жауды қайтарады, жаман сөз сауды өлтіреді*», т.б...

Бүгінде афористиканың жанрлық жіктелуі ұғымдық және терминдік тұрғыдан әлі жан-жақты терең зерттеліп, ғылыми қалыпта жүйелене қоймағаны мәлім. Бұл оның негізгі жанры афоризмге де қатысты. Қолданбалық мәніне молырақ назар аударылатын өсиетнамалық афористикалық шығармалар өсиет, кеңес, нақыл түрінде айдарлануда. Сондай-ақ афористиканың қанатты сөз, гнома, апофтегма,

көрсетіп береді емес пе. Басқасы талпыныс, ойлау, жітілік, табандылық, зейін арқылы табылары даусыз. Халықтың асыл қасиеттері, мемлекеттік шаралардың аса мәнділігі, жиналған топтың құлшыныс-зауқы шешеннің сөзіне ерекше екпін, әрлілік үстейді. Ғалым алдында тілінді, ұста алдында қолыңды тый дейтініміз содан. Ал шешен топты өрнекті ойларымен иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенеді. Демек, сөзінің оттылығымен, жарқылымен, күшімен, көріктілігімен баурап алады. Сол себептен де өнерлі шешеннің орны әзір дейміз. Шешеннің өнерінен дара ғибрат қалар дейміз. Асылы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы: «Бұлбұлдан шешен бір құс жоқ, бармақтай-ақ қарасы, Оқтан жылдам ажал жоқ, тырнақтай-ақ жарасы» деп тегін айтпаса керек-ті. Бұл ретте де Шәкәрімнен «шешеннің нақылы ортақ, көсемнің ақылы ортақ» деген тұжырым қалғаны белгілі...

Қадыр Мырза Әлі афористикасы - даналық ақыл-ой тұнбасы, ұшқыр ойды көркем образға айналдыру өнері. Даналықтың тылсын құпиясы осы өнерде. Даналық тұнбасының мөп-мөлдір бұлағынан нәр алу, астарлы да ажарлы ой құнарынан нұр алу қашан да жан байытар, жігер жандырап, өмірі көзқарасыңды қалыптастырар, күрмеуі көп тіршілік құпияларын танытар қастерлі дәстүр емес пе. Ендеше Қадыр Мырза Әлі афористикасына сүйе отырып, ата-бабамыздың, адамзат баласының жер бетінде өмір сүру тәжірибесінің қыр-сырларын көңіл көзінен өткізгенге не жетсін! Осы тұрғыдан келгенде, нақыл сөздер - афоризмге негіз болар түйін көзі. Афоризм - өнер иіріміндегі философия не философия иіріміндегі өнер. Афоризм - философия поэзиясы. Егер де жақсы кітап - ұлттың антологиясы десек, Қадыр Мырза Әлінің әрбір ойлы афоризмі - жеке бір жақсы кітап іспетті. Афоризмді тілсіз тәлімгер дейтініміз осыдан.

Қысқасы, Қадыр Мырза Әлі афоризмдері – ой тамызығы. Адамға ой салады, оның таным көкжиегін кеңейтеді. Ойланбай, көзсіз қабылдауға, алдымен зерделеп алмай, пайдалануға да болмас. Себебі, афоризм – абсолюттік шындық, дайын рецепт немесе әлдебір нұсқаулық емес қой. Жиақтай айтсақ, Қадыр Мырза Әлі афористикасы – адамзат өркениеті мен мәдениетіндегі рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін шағын философиялық ой, тәжірибелік түйін, логикалық қисын, әлеуметтік-саяси, моральдік-этикалық және эстетикалық көзқарас, авторлық тұжырым түріндегі қысқа әрі көркем әдеби туынды, көркем кестеленген нақыл сөз. Демек, ақын афоризмі - шынайы шипагер емші.

Абат Сатыбайұлы ҚЫДЫРШАЕВ,
ғылыми жетекшісі, педагогика
ғылымдарының докторы, профессор
М.Ғ.ІЗБАСАРОВА, Ж.А.АЙДАРБЕКОВА,
филология факультетінің IV курс
студенттері (ҚТОМҚТӘ-41-топ)

«МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК АЛАҢЫ: ТӘЖІРИБЕ МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ»

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Биология» мамандығының 2-курс магистранттарына педагогикалық сараман өткізілді.

Педагогикалық сараманның негізгі мақсаты – жоғары және орта оқу орындарының болашақ оқытушыларының педагогикалық іс-әрекетіндегі негізгі қызметті меңгеруіне көмектесіп, болашақ оқытушыларды кәсіби тұлға ретінде қалыптастыру. Магистранттар кафедраның тәжірибелі оқытушылары мен ғылыми жетекшілерінің бақылауымен дәріс, практикалық, зертханалық сабақтар жүргізіп, оқу үдерісіне қатысты. Педагогикалық сараман барысында магистрант ғылыми-ізденіс жұмыстарын ұйымдастырумен қатар, практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастырып, сабақтан тыс іс-шаралар мен тәрбиелік іс-шаралар өткізіп, іскерлік қабілеттерін дамытты.

Сараман барысында жаратылыстану-география факультетінің МБ-21 тобының практиканты-магистранттары А.Байгелова, Б.Нұржанова, А.Бекмуханова, Р.Темірболат және Н.Калиахметованың ұйымдастыруымен 3-4 курс студенттеріне «BioTRAVEL» тақырыбында шеберлік сағаты оздырылды. Іс-шараның басты мақсаты – заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, ойлау жүйесі жақсы дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім студенттерді жетілдіруге бағытталды.

Шеберлік сағат студенттерді тренинг арқылы топқа бөліп, берілетін ақпарат тәжірибе алаңдары бойынша жүргізілді. Студенттерге алғашқы алаңды А.Байгелова «Заманауи ұстаз және жасанды интеллект» тақырыбында жасанды интеллект платформаларын көрсетіп, пайдасы мен маңызын түсіндірсе, екінші алаңды қазіргі таңда жалпы орта мектептерде жүргізіліп отырған «Күнделік KZ» және «BilimLand» платформаларын Н.Калиахметова оқытуда пайдалануын жолдарын түсіндірді. Сонымен



қатар Р.Темірболат орта мектепте күнделікті сабаққа қысқа мерзімді жоспарды құру жүйесін үйретті. Шеберлік сыныптың үшінші алаңын Б.Нұржанова «Жасыл шеберхана: Флорариумда өсімдіктерді өсіру мен көбейту» тақырыбында жүргізіп, флорариумды өсіру жолдарын практикалық тұрғыдан көрсетті. Кері байланыс үшін үш топқа бөлінген студенттер жасанды интеллект, қысқа мерзімді жоспар құру, флорариум жасау сынды тапсырмалар бойынша жұмыстанды.

Іс-шараға биология, химия, география БББ жетекшісі

Р.Ж. Кожалиева мен а/ш.ф.к., доцент Б.С.Альжанова қатысты. Оқытушылар мен қатысушы студенттердің, көрермендердің ой-пікірлері тыңдалып, ұсыныстары қорытындыланды. Осындай іс-шаралар студенттердің жаңа технологияларға деген қызығушылығын арттырып, тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік беретін алаң болып табылады.

Ботағоз НУРЖАНОВА, Асел БЕКМУХАНОВА,
Жаратылыстану-география факультетінің «Биология»
мамандығының 2 курс магистранттары

Как научить школьников финансовой грамотности через игру: увлекательный путь к важным навыкам

В современном мире умение управлять своими деньгами — это не просто полезный навык, а жизненно важная необходимость. Проблемы, возникающие из-за недостатка финансовой грамотности, сегодня актуальны для взрослой части населения страны. Поэтому важно начинать учить детей правильным финансовым привычкам с раннего возраста. Отличным способом сделать обучение увлекательным и доступным для школьников является игра по финансовой грамотности.



Для реализации государственной программы в Республике Казахстан по внедрению обучения финансовой грамотности на всех образовательных уровнях в ЗКУ им. М. Утемисова был утвержден план мероприятий по основам финансовой грамотности для молодежи. Его реализация способствует созданию более осведомленного и ответственного поколения, которое сможет принимать обоснованные финансовые решения в своей жизни и, таким образом, повысит уровень финансовой стабильности в обществе.

В данный план входят: проведение образовательных лекций и семинаров, дней финансовой грамотности, интерактивных воркшопов (обучающих мероприятий с акцентом на практическую работу), мастер-классов, организация конкурсов, проведение различных игр и викторин.

В рамках реализации данного плана на сегодняшний



день проведен целый ряд встреч, бесед и деловых игр среди студентов университета. Также при факультете истории, экономики и бизнеса работает научный кружок «Финансовая грамотность: путь к финансовой стабильности» под руководством сертифицированного тренера по финансовой грамотности Н. Г. Шамаковой.

К вопросу финансовой грамотности стали проявлять интерес и средние школы города. Так, по инициативе учителя СОШ №9 г. Уральска — Дускалиевой Айгуль Айтжановны, был проведен квиз на тему «Управляй финансами правильно!» среди учащихся 8-х классов. Модераторами игры выступили старшие преподаватели образовательной программы «Бизнес, управление и туризм» Шамакова Н. Г., к. э. н., и Чудрова В. У., магистр экономики. При разработке условий игры для школьников было уделено внимание ключевому аспекту — возрастной категории учащихся. Правила и механизмы игры были адаптированы для детей 13–14 лет, чтобы они могли их понять.

Проведенное мероприятие показало заинтересованность детей в вопросах мошенничества, добычи «лёгких» денег, управления личными сбережениями и расходами, а также использовании дебетовых карт для детей и других

аспектах. Такие сложные понятия, как бюджет, сбережения, кредиты, инвестиции и налоги, могут быть трудными для восприятия школьников. Однако с помощью игры эти темы были представлены в простой и увлекательной форме. Такая подача помогает детям лучше понять, как работать с деньгами, планировать расходы и принимать финансовые решения в повседневной жизни.

Игры по финансовой грамотности учат управлению личным бюджетом: как правильно распределять деньги на различные нужды (например, еду, развлечения, сбережения), знакомят школьников с концепцией накоплений и инвестиций. Дети узнают, как деньги могут «работать» для них — от простого накопления средств в банке до более сложных механизмов, таких как фондовые рынки. Также игры помогают понять, как действовать в случае

финансовых ошибок, например, если деньги потрачены на ненужные вещи, и учат исправлять эти ошибки, извлекая из них уроки.

Преимущества проведения игр в обучении финансовой грамотности заключаются в том, что сложные темы превращаются в интересное занятие, что значительно повышает заинтересованность детей. Во время игры дети могут совершать ошибки, не рискуя своими реальными деньгами, что позволяет им учиться на своём опыте без финансовых последствий. Кроме того, игры способствуют развитию логического и стратегического мышления, учат принимать обоснованные решения в условиях ограниченных ресурсов, ставить цели и разрабатывать стратегии для их достижения. Эти навыки полезны не только в финансовых вопросах, но и в жизни в целом.

Игры по финансовой грамотности — это отличный инструмент для обучения школьников основам управления деньгами. Мы надеемся на дальнейшее сотрудничество с учебными заведениями города и области.

Н.Г. ШАМАКОВА,
к.э.н. ст.преподаватель ОП Бизнес, управление и туризм факультета Истории, экономики и бизнеса ЗКУ им.М.Утемисова

«Тәуелсіз ел»

Қазақстан – қазағымның қақпасы,
Қазақстан – бұзылмайтын отбасы.
Бұрынғыдан бұл қазаққа бертін кеп,
Тәуелсіздікке тірелгендей ат басы.

Тәуелсіздік – қазағымға теңдесіз
Сый боп келді десем оған сенбессіз
Қиын қыстау замандардан өткеріп,
Құрбандықсыз ел болмайды пендесіз

Ел болам деп талай ерім езілді
Айта кетем осы бір сәт кезімді
Керей менен Жәнібектің заманы
Қабанбай мен Бөгенбайға сезілді

Бұл боздақтар ел үшін кеткен еңіреп
Қанға бояп, қара басты төңірек
Ел жолында кеткендерді ойласам
Жүрек тулап, сай сүйекті кеміреді

Бұл жылдардан жүрекке дақ із қалды
Аямады ұлықты да, қыздарды
Шаштан сүйреп, бастан тепкен сол күндер
Қанды болды, қатты болды ызғарлы

Сөйлетейін 86-дан бұрынғы
Ызғарлы күн, ұмытпаймын түріңді
Сәбира мен Ләззаттардай қызыңмен
Қорлады ғой Қайраттай ұлықты

Қаралы күн, қараңғы түн адасам
Құрбандардың санын санап, шатасам
Бар боздақтың бір-ақ тілек арманы
Тұғырын берік, туын биік қадасам

91-де орындалды армандар
Дей алмаймын бұл сөзімде жалған бар
Тәуелсіздік оңай келген сый емес
Бәрі біледі сол жылдары болғандар

Берік қылшы Құдайым ел тұғырын
Қанша заман өтсе талай ықылым
Қайтып берме Қазағымға қиындық
Сәбира мен Ләззаттардың ғұмырын

Мен қызыңмын – болашақпын, «Жас бала»
Тәуелсізбін – бола білем бастама
Тәуелсіз ел-тұғырыңды сақтаймын
Тәуелсіз ел! Қазақстан! Астана!!!

Меруерт ҚАРЛЫБАЙ,
ҚтәА23- студенті

Ғұмар Қараш

Ғұмар ән де, Ғұмар күй, Ғұмар өлең,
Жырыңды жылнамадан ұға берем.
Ойлыға тарихыңды танытпаққа,
Мойныма тағып шықтым тұмар өлең.

Ғұламам ғасыр туған еңбегі ерең,
Фараби бабамызға теңгерер ем.
Отырардың еңбегін қайталаған,
Жәнібек, бақытты едің сен не деген!

Киелі Ғұмар туған топырағым,
Көз салып өткеніңде отырамын.
Білімнен асқан байлық болған емес,
Борсыдан бой оздырып оқығаным.

Алыпсың туған жерден ақыр тыным,
Өлі де теңдік алмай жатыр тілім.
Ғұмарға ғұмыры жыр арнап келген,
Ғұмар салған мектептің шәкіртімін!

Гульден КАДИРОВА,
КялАнгл-15 студенті

Ақын Абай

Ұлылығы асқақтаған ұлы байтақ далама,
Ақын Абай даралығын сен жаманға балама.
Өр қазақтың қамын ойлап, талайды бастан кешірген
Ардақ тұтып, қастерлей біл қазағым-ау қашанда!

Даналық пен даралықтың ізгі жолын көрсеткен,
Абай ғана ең басынан қазақ үшін күрескен,

Бес дұшпан мен асыл істі жіпке тізіп көрсетіп.,
Абай ғана өсиетін қара сөзбен өрнектеген, өрлеткен.

Ұлы Абайды ұмытпағын ешқашанда қазағым,
Өле-өлгенше Абайға мен арнау өлең жазамын,
Өз қамынан елдің қамын биік көрген қашанда
Болмасан да ұқсап бақ, ұлы Абайға қарағым!

Сұлу ҚҰСПАН,
КялАнгл-15 студенті

Жүрегімде туған жер!

Туған жерім, қасиетті данасың,
Сен жүректің түкпірінде жатасың.
Туған жердің тылсым күші әрдайым,
Жүрегімде мәңгі-мәңгі тұрасың.
Туған жердің гүлге толы аймағы,
Туған жердің әнге толы құшағы.
Туған жерден сан түрлі гүл теремін,
Туған жердің әнін тыңдап өсемін.
Туған жерге айтар сырым көп менің,
Туған жер деп өтеді менің әр күнім.
Бар асылды құндылықты жиып ап,
Келеді арнап жырын саған перзентің.
Туған жерді жырға қосып жырлайын,
Көңіліне көлеңке түсірмей қорғайын.
О, туған жер, таза ауаңмен дем алып
Суыңды ішіп, далаңды мен құшайын.
Туған жер, мен өзіңде бой жеттім,
Тал бесікпен әлдиледің, тербеттің.
Асқақтатам атыңды бар әлемге
Сен деп соғар жұдырықтай жүрегім!
Қабыл алшы тілекті шын ниетпен,
Туған жерді сүйемін мен деп өткен.
Жерім байтақ, елім бақытты қарашы,
Мен балаңмын, өз жерімді жыр еткен.
Дархан елдің асқақтасын өрісі,
Өр күн сайын алтын бесік-ел іші.
Келер күнді қуанышпен қарсы алып,
Құт-берекем туған жерге төгілші.

Макка ЖАСЕНОВА,
КялАнгл-15 студенті

«Алаш зиялыларына арнау»

Қазақты қазақ қана қорғайды екен,
Жаны ашып, қиын сәтте қолдайды екен.
Ұлт үшін жанын құрбан еткен жанға,
Өлеңді арнамасқа болмайды екен.

Міржақып – ағартушы, болған ақын,
Ұлт қамын ойлап жиі толғанатын.
Біліммен сусындаған, парасатты
Жан болған надандықтан арланатын.

Әлихан зиялысы қазағымның,
Жеткізген ұлттың, елге азалы үнін.
Ел қамын, тілдің қамын ойлаймын деп,
Түрменің, татқан дәмін азабының.

Публицист, реформатор, ғалым әрі,
Ақын ол, ұлттың ұлы саңылағы.
Азаттық, еркіндікті тарту еткен,
Ахметін барлық қазақ сағынады.

Мұқағали Мақатаев

Шабыт келсе арнамнан асып толам,
Кей кездері мұңайып жасып қалам.
Қалам алып арасында осылайша,
Ойға келген дүниені жазып тұрам.

Бүдір менен киырды жазық қылам,
Алыс пенен жақынды салыстырам.
Осылайша өлең жазып жүргенімде,
Мұқағали өлеңіне ғашық болғам.

Содан бері Мұзбалақты танып келем,
Өлеңдерін әлі күнге оқып келем.
Өзім жазған бірең, сараң өлеңдерде,
Мен өзімді Мұқағали қызы дегем.

Өлмейтін өлең жазып кеткен атам,
Атам жазған өлеңдерді мен ұнатам.
Өлең менен жырлары мәңгі өшпейтін,
Мұқағали Мақатаев аңыз адам.

«Әке, ана»

Аялап, әлпештеген, еркелеткен,
Сіздерді теңдесі жоқ алтын дер ем.
Өмірдің қиындығы болса дағы,
Баласы үшін аянбаған, еңбек еткен.

Арқа сүйер тірегім, айбынымсыз,
Дұрыс жолды көрсетер ақылдымсыз.
Өкешім сізге жетер жан жоқ деп мен,
Айта аламын еш жердің жарлығынсыз.

Жеті түнде түн ұйқысын төрт бөлген,
Өзге жұрттан кем қылмай бізді өсірген.
Сәби кезде жайымыз болмай жыласақ,
Аяулы анам ұйықтамай бесік тербеткен.

Әкем менің отбасымның тірегі,
Анам болса отбасымның жүрегі.
Ал біз болсақ олардың қолдаушысы,
Қолқанат болып, көмектесер үнемі.

Біз үшін еңбекпенен тер төккен,
Тәрбиені тал бесіктен дәріптеген.
Әкемдей, анамдай асыл адамдарды,
Таба алмаймын әлемнен, жер мен көктен.

Сондықтанда қадірлейік сыйлайық,
Әке, ана сөзін әркез тыңдайық.
Үнемі бізге қолдау бергені үшін,
Бұл өмірде оларды әркез сыйлайық.

Нуршат НАУРУЗОВА,
Кял-15 студенті

Ордам менің!

Ордам менің тарихыңа тамсанам,
Топырағыңда туғаныма мақтанам.
Небір заман өтті сенің басыңнан,
Қаймықпайтын қайсарлығы таңданам.

Топырағыңа аунадық ғой мына біз,
Саған әлі таңданамыз баламыз.
Өстік сенің баурайың да бой жеттік,
Сенсің біздің арқа сүйер панамыз.

Бесігіңмен әлдиледің, тербеттің,
Ыстық маған сұлу сенің келбетің.
Тәнті етіп мына үлкен ғаламды,
Атың сенің жарып шықсын жер бетін.

Туған жерге ыстық әр кез махабат,
Бөкейлікпен деген сірә ғажап ат.
Тік көтеріп айта тұғын басымды,
Бөкей Ордам ең ерекше ғаламат.

Мақтау мадақ аз болады сен үшін,
Жырға қосу үлкен құрмет мен үшін.
Жырмен жазып тауса алсам шіркін-ай,
Сонда жауға төтеп берген зор күшін.

Биікте тұр сенің алтын тұғырың,
Ұзағынан болғай сенің ғұмырың.
Атақ даңқың жер жаһанға жайылып,
Кең таралсын алтын діңгек тамырың.

Сымбат МАРАТҚЫЗЫ,
БГД-11 студенті

Тіршілік

Шексіз ғой негізі сана деген,
Барлығын жүре, тұра, бара көрем.
Мына заман аңшылық болып кетті,
Түлкіге алданып қала берем.

Қояндаймын тырысам құтылуға,
Ойлаған армандарым жұтылуда.
Сынақтың барлығынан оңай шығам,
«Бисмиляхты» салып алып ұртыма.

Қоян қашады, себебі, жан керектей,
Тазы қуады ештеңені керек етпей.
Тазымды ұқсатамын қыран құсқа,
Қалайша шығармаймын теңеп өтпей.

Бақ дейтін қоянға түскеніңдей,
Қалады кейде көзіңе дым көрінбей.
Қоян болсам ит менің дұшпандарым,
Сияқты мына менің өмірімдей.

Қасиет ҚАЗБЕК,
Фил-21 студенті

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издаётся с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ

№1 (76), қаңтар 2025 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

■ Ұлт ұстазы

ТАНЫМ ТАРАЗЫСЫНДА ҚАЙНАҒАН «ТІЛ – ҚҰРАЛ»

Қай халықтың болмасын өткенін бүгінге жеткізетін, бүгін ертеңімен ұштастыратын оның тілі. Осыдан да ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» десе керек. Тіл адам баласына сор болып жабысып, абыройын айрандай төгуі де оп-оңай. Бақ болып қонып, мәртебесін асыруы да ғажап емес. Осы бақ пен сорды халық деңгейіне көтерсеңіз, көп нәрсенің басы ашылады. Қазақ халқының басына тілдің бақ боп қонған уақыты Ахмет Байтұрсынұлының қырыққа толар шағынан бастау алды. Бұл 1910 жылдар шамасы. Алғашқы орыс революциясы (1905-07) қазақ баласының да санасын өзгертті. Бұл уақытта Ахмет отыздың үстіне жаңа шыққан. Бірінші мүшелінде алған екі сыныптық (әр сынып үш жылдық оқуды қамтиды) орыс-қазақ училищесі (Торғай) оны Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсуіне мүмкіндік берді. Мұндағы төрт жыл шамасындағы білімнің қазіргі жоғары мектеп беретін білімге пара-пар екендігі тағы бар. Онан кейінгі он-он бір жылында Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі ауылдық және болыстық мектеп-училищелерінде мұғалім болып қызмет атқарады.

23 жастағы жас жігіт Омбыға барған бір сапарында қазақ халқының тарихын түгендеп жүрген, этнографиясы мен фольклорына ден қойған Александр Ефимович Алекторовпен жүздеседі. Біздіңше, осы кездесу оның түбегейлі өзгеріске бет бұруына итермеледі. Мұны Мұхтар Әуезов ұлт ұстазының 50 жасқа толған мерейтойына арналған мақаласында: «Атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының жағдайының ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған. Алекторовпен танысудың екінші әсері Ахаңның жолы ашылып, бұрынғы білім-өнер жолындағы шала біліп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған» деп көрсетеді. 13 жасында полковник Яковлевтің кесепатынан жапа шеккен әке бейнесі елестеді, енді келіп орыс ғалымының қазақ мәселесін күйттегені жанына батты. Осыдан туындата келе, қазақ тілін, әдебиетін, тарихын, этнографиясын өз жұртының баласы жазғаны жөн деген ойға тоқталса керек. Бұл - біздің пікір. Әйтпесе, Григорий Николаевич Потанин мен А.Е. Алекторовтың қазақ өркениетіне сіңірген еңбегін жоққа шығарудан аулақпыз.

Біздіңше, бұл орайда бүгінгі қазақты бірер мынадай мәселелер де ойлантуы тиіс. Біріншіден, «ұлт ұстазы» айқындаушының өз иесін тапқандығы анық. Демек, республика көлемінде мұғалімдер күні болып саналатын қазанның алғашқы жексенбісін ұлт ұстазының туған күнімен байланыстырудың да сәті келді деп білеміз. Мұндай тәжірибе біздің мемлекетімізде болды: көп уақыт 22 қыркүйекте мерекеленетін Тілдер күнін 2017 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайластырып едік. Біздіңше, бұл ойымыз көптеген ұстаздардың көңілінен шығады деп сенеміз...

Әрине, Ахмет Байтұрсынұлын ұлт ұстазы дәрежесіне көтерген оның ұшан-теңіз еңбегі. Әсіресе, оның қазақ мектептері мен оның тыңдаушыларына

арнаған оқу құралдары болса керек. Бұл жерде мұндай оқу құралдар мектеп табалдырығын аттаған балалар мен оларды тәрбиелеуге алған мұғалімдерге де тікелей қатысы бар. Өз тарапымыздан ұлт ұстазының тілдік сезім мен қазақы намысы жоғары болғанын қосамыз. Бұл екі санатқа отбасы мен орта әсер етеді. Қазақ отбасынан шыққан, қазақ ортасында өскен қазақ баласы өз тілінен кем қалуы мүмкін емес. Осы себептен де ғалым оқулықтарындағы пән сөздер қазақ пайдаланымында бүгінгі күнге дейін сақталып қалып отыр. Ғалым еңбегінен бірде-бір шет тілдер сөзін кездестірмейсіз. Фонетика емес дыбыс жүйесі, лексика емес сөз жүйесі, морфология емес сөз тұлғалары, синтаксис емес сөйлем жүйесі.

Оның үстіне ғалым оқулықтарындағы мысал деректер қазақ санасына дендеп енген мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, аңыз әңгімелерден тұрады. Бұған «Күлтөкпенің басында күнде жиында» айтылатын әңгіме-дүкенді қосыңыз. Оның үстіне ол уақыт ақпа құлақ ағайын емес, құйма құлақ қазақ жұрты бағаланған шақ. Ата сөзден аулақ қоныстану қазақ баласына тән емес-тін. Ол уақытта қазақ жұрты сөзіне қарай сөйлеушісін бағалай алатын. Мұндай тірлік Ахметтің да сана-сезіміне тікелей әсер етті десек болады.

Ахмет еңбектерінің өз қатарластарынан озық ойлы болуына не себеп? Ең алдымен, өткен ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлымен салыстыра көрсететін қазақ тұлғасы жоққа тән. Бұл жерде Ахмет ғана оқыды, басқасының білімі жеткілісіз болды деген пікірден аулақпыз. Біз мемлекеттік саясаттың (бұл саясатты көзі ашық қазақ оқымыстылары ұстанды) оқу-білімге қатысты бағытын айтып отырмыз. Оның алдында кітап терген Ы.Алтынсарин 1889 жылы өмірден өткен. Жаңа ғасыр жаңа тұлғаны аренаға шығарды. Ахмет осылайша қайнауы кем қазанға түсті. Елуге толар-толмас шақта қазаққа ең керек оқу-құралдарын мектеп табалдырығынан өткізеді.

Қазақ қоғамынан шыққан Ахмет санасы орыс еңбектерімен танысқаннан кейін аласапыран күйге түсті. Қазақ отбасының бағып-қағуынан кейін орыс білімінің нәрін алуы (арнайы оқу орнына түскен жоқ, бірақ оның Орынбор, Омбы сияқты орыс қалаларындағы орыс білгірлерімен қарым-қатынасын айтып отырмыз) қабілетіне күш қосып, психологиялық жады мен логикалық байымы бірден көтеріліп шыға келді. Орыс тілі арқылы Еуропада Женева лингвистикалық мектебінің ірі өкілі Фердинанд де Соссюр (1857-1913), неміс ұлтының ірі өкілі Фридрих Вильгельм Кристиан Карл Фердинанд фон Гумбольдт (1767-1835), Ресейде Мәскеу лингвистикалық мектебінің ірі өкілі Филипп Фёдорович Фортунатов (1848-1914) еңбектерімен тікелей танысты десек болады. Ахметтің осындай әлемдік дүниеден нәр алмауы мүмкін емес еді.

Байқап қарасақ, Ахмет Байтұрсынұлымен заманы бір Александр Матвеевич Пешковскийдің еңбегі 1914 жылы, Михаил Николаевич Петерсонның еңбегі 1923 жылы, Алексей Александрович Шахматовтың еңбегі 1925 жылы шығады. Мұның үшеуі де – Филипп Фёдорович Фортунатовтың шәкірттері. Қолы ұзын дейтін орыстың кітаптары тек өткен ғасырдың үшінші он жылдығында баспа бетін көреді. Ахмет екінші он жылдық басталмай тұрып оқу құралдарын бере

бастайды: «Әліппе» («Оқу құралы») - 1910; «Тіл-құрал» 1912-25 жылдар. Демек, Ахмет өз замандастарының еңбегін оқуы екіталай, бірақ олардың ұстаздарынан тараған еңбектермен таныс болғандығы анық болып шығады. Әрине, ғылыми деңгей бір арнада қабыспайды. Бірақ сол ғылымға қаузау болар қауыздың Ахмет оқулықтарының өн бойында тұрғандығы бүгін жұмбақ емес.

Қазаққа «Тіл-құрал» осындай жолдармен келді. Жоғарыда айтқанымыздай, «Тіл- құрал» 1912-25 жылдар аралығында жеті рет жарық көреді. Оның бесеуі орыс патшасы уақыты да, екеуі Кеңес өкіметінің белең алған тұсы. Құрал «Тіл танытқыш» кітап деп аталып, төрт деңгеймен жеткізілген: 1-сі Дыбыс жүйесі - 1912-15 жылдар; 2-сі Сөз жүйесі-1914-17 жылдар; 3-сі морфологиялық құрылымы (Қазақ тілінің сарфы) - 1915 жыл; 4-сі Сөйлем жүйесі - 1925 жыл. Бұл бөлістің өзін шартты деп қарау қажет. Себебі 1-тілтанытқыш кітап 1925 жылы 5-інші рет басылым



көріпті. Жалпы ғалымның «Қазақ тілінің сарфы» деп тарқатқан кітаптары қазіргі ұғымдағы грамматика аясына сәйкеседі.

Ахмет Байтұрсынұлының дыбыс жүйесі мен түрлері дыбыс, буын және олардың жазылу емлесін жинақтайды. Бұл қазіргі күнгі ең осал тұсымыз. Біз 2017 жылдан бастап не әліпбиді, не емлемізді түзе алмай келеміз. Неге? Ең бастысы, қазіргі қазақ жұрты баба берген 24 (28) дыбысты басшылыққа алмай отыр. Оның 5-уі (9) дауысты да, 19-ы дауыссыз дыбыс. Біз қазір 31-35 дыбыспен тарқатқымыз келеді. Баяғы сол - «басқа жұрт не дейді» деген жалтақтық. Бір ғана «у» және «й» дыбысын өзінің тума жағдайына келтірсек, яғни, олардың тек дауыссыз дыбыс екендігін жаңғыртсақ, қазақтың қазіргі емлесі де тез шешімін табар еді...

Ахмет Байтұрсынұлының синтаксистік ілімі үлкен дүниені қозғауды қалайды. Себебі ғалымның синтаксисі ғылыми тілдің шарықтау шегіне бара алған. Оны синтаксис салаларын тарқатудан тануға болады. Сөйлем жүйесі деп бекітілген бұл ілім сөйлемнің барлық түрін және сапасын аңғарта алады. Қалай болғанда да, қазіргі синтаксис ілімін Ахмет Байтұрсынұлының тұжырымдарына сүйене отырып, бес тараумен жеткізуге болады. Өзіміз осы пәннің басы-қасында жүргеннен кейін, мұндай пікір білдіруге толық хақымыз бар деп білеміз. Тек осы жағдайда ғана қазақ тіл білімін күні бүгінге дейін орыс тіл білімімен теориялық тұрғыдан салғастыра берген жаңсақ тұжырымдардан сақтап қалған болар едік. Ал Ахмет ілімі тек қазақы теорияға негізделгені ақиқат.

Бекент САҒЫНДЫҚҰЛЫ,
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар
педагогикалық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Махамбет университетінде
67-ші «Денсаулық»
спартакиадасы өз мәресіне жетті.

Спартакиаданың тарихы 1957 жылдан бастау алады. Сол кезде Еділ жағалауында орналасқан Ульяновск қаласының педагогикалық институтында оздырылған дүбірлі дода бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Кезекті денсаулық спартакиадасына биыл 9 команда қатысты. 1 апта бойы ұстаздар, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер спорттық сайысқа түсті. 67-ші «Денсаулық» спартакиадасының биылғы ерекшелігі көп. Соның бірі - жаңа спорт түрлері енгізілді.

- Биылғы спартакиадаға 9 команда қатысты. Қатысушылардың саны да артып келеді. Оған қоса әр командаға екі дене шынықтыру мамандығы бар ұстазды қосып отырмыз. Басты ерекшелік - жаңа спорт түрлері енгізілді. Атап айтқанда, университет ұжымы спорттың 8 түрінен бөлек, шаңғы эстафетасы мен арқан тартыстан сынға түсті, - дейді тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Жанбота Ешимова.

Жыл сайын жаңа жылдың алғашқы апталарында өтетін жарыс биыл тартысқа толы өтті. Қатысушылар шахмат, дойбы, үстел теннисі, көңілді эстафета, дартс, шағын футбол ойындарынан үздіктерді анықтады. Денсаулық спартакиадасы табиғат аясында шаңғы эстафетасымен аяқталды. Осы жерде білім ордасының ұжымы тимбилдингке қатысты. Спартакиада қорытындысы бойынша бағы мен бабы қатар шапқан үздік құрамалар анықталды. Үздік үштікке «мәдениет және

ДЕНСАУЛЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



өнер» факультеті кірді. Ал екінші орын «университет әкімшілігі» құрамасына бұйырды. Бас жүлде және ауыспалы кубокты биыл «шаруашылық қызметі» бөлімі еншіледі.

- Университет басшылығына алғысымыз мол. Спорт додасы жоғарғы деңгейде өтті. Осы жеңісті 4 жылдан бері күтіп келемін. Биыл сол мақсатымыз орындалып үздік атандық. Әріптестерімді құттықтаймын, - дейді шаруашылық қызметі бөлімінің жетекшісі Мағжан Нұрқаятов.

Бір аптаға созылған тартысты сайыста командалар өзара шеберліктерін көрсетіп, денсаулық пен спортты насихаттады. Қатысушылардың айтуынша, спартакиада жоғарғы деңгейде өтті. Спорт додасының жеңімпаздары мен үздік ойыншыларына М.Өтемісов атындағы БҚУ Бастауыш кәсіподақ ұйымының бағалы сыйлықтары мен дипломдары табысталды.

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №К227VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс №153

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҰЗАҚОВ

ТІЛШІЛЕР:

Дильназ АМАНЖАНОВА, Ақерке АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ, Зада БАҚТЫҒАЛИ, Айсезім АДІЛХАНОВА, Диана ХАСАН

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99